

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті



РКЖБН

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

№ 3 (1017) 27 наурыз 2025 жыл

Құрметті әріптестер,
қадірлі студенттер!

Наурыз

күтты болсын!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың, мейірім мен бірліктің мерекесі. Бұл күн табиғаттың оянуы мен жаңа жылдың бастауын білдіреді.

Биылғы Наурыз мерекесі Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен жаңаша мазмұнмен тойланып, Наурыз нама атты ауқымды іс-шаралармен атап өтілуде. Бұл игі дәстүр халқымыздың бірлігін бекемдеп, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге зор үлес қосады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында Наурыздың ел бірлігін нығайтып, әр отбасыға молшылық пен бақыт әкелуін тілеп, осы мерекенің маңыздылығын ерекше атап өтті. Біз де осы ізгі тілектерге қосыла отырып, баршаңызға амандық, еңбектеріңізге табыс және шығармашылық шабыт тілейміз.

Наурыз мейрамы біздің университетіміздің үлкен отбасын бірлік пен татулыққа шақырып, жаңа табыстарға жетелей берсін! Әр шаңыраққа құт-береке, молшылық пен тыныштық тілеймін!

Наурыз мейрамы күтты болсын!

Н.Х. СЕРФАЛИЕВ,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы - ректор, б.ғ.к., профессор

Ана – гүл, ана – өмір шұағы



9-бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Саратов облысы жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесу өтті. Келелі кездесу ғылым, білім және мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында ұйымдастырылды.



Университет ректоры Нұрлан Серғалиевтің айтуынша, Махамбет университеті Саратов облысының жоғары оқу орындарымен ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келеді. Оның ішінде академиялық ұтқырлық, бірлескен ғылыми зерттеулер және қос диплом бағдарламаларының маңыздылығын ерекше атап өтті. Кездесу барысында ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланып, қос диплом бағдарламалары мен аспирантура саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту туралы сөз болды. Қонақтар университеттің цифрлық білім беру орталығымен танысып, Махамбет Өтемісов атындағы университет музейінде құрметті «қонақтар кітабына» жазба қалдырды. Іс-сапар Наурыз мерекесіне арналған іс-шарамен аяқталды.

«Open day-2025»-ке қатысқан мектеп оқушылары ғасырға жуық тарихы бар тұғыры биік университеттің оқу үрдісімен танысып, 6 факультет, 91 білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат алды.

«Makhambet University» есігін талапкерлерге айқара ашты!



Іс-шара қонақтары 8 оқу ғимараты мен студенттер үйінде жасалған жағдайды бағамдап, экология және биогеохимия сынақ зертханасында тәжірибе жасады. Спортқа қызығушылығы бар оқушылар спорт сарайындағы мүмкіндіктерді бақылап, робот техникасы зертханасында сынақ жүргізді. Ғылыми кітапханада жинақталған мол кітап қорымен танысып, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ университеттерімен білім беру бағдарламалары бойынша студенттер алмасу (академиялық ұтқырлық) бағдарламасы туралы мәліметтерге қанықты. Әскери кафедра, оқуға түсуге қажетті құжаттар, қабылдау



мерзімдері, ҰБТ, грант жайлы маңызды мағлұматтармен ақпараттандырылған мектеп оқушыларының қатарынан Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне оқуға түсуге бел байлаған талапкерлер көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, толық жауап алды. «Ашық есік» іс-шарасы еркін стильде өткізіліп, TedX форматында ақпарат берді. Концерттік бағдарлама мен бас ғимарат аудиторияларында өткізілген олимпиада, тірі көрме, криминалистикалық мастер-класс, демо-презентация, химиялық тәжірибе сынды өзге де БББ таныстырылымдары талапкерлер қызығушылықтарын оятты.

Жуырда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Саясаттану және саяси технологиялар» кафедрасы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Әлеуметтік ғылымдар» білім беру бағдарламалары арасында «Қалалық орта мен экосаясат: Алматы мен Оралдың тұрақты дамуы ТДМ 11 (Тұрақты қалалар мен елді-мекендер) контекстінде» тақырыбында онлайн телекөпір (телемост) өткізілді.

Бұл іс-шара философия ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Саясаттану және саяси технологиялар» кафедрасының доценті Ашекеева Құралай Несіпбекқызы мен «Саясаттану» мамандығының 1-курс докторанты Макпал Гайсинаның ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Әлеуметтік ғылымдар» БББ жетекшісі,

Экологиялық мәселелер - басты назарда

тарих ғылымдарының кандидаты Журсова Алтынай Шугайқызы, аға оқытушы-магистр Мырзабаева Бакытгул Мырзахметқызының бірлесуімен жүргізілді.

Іс-шара барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Саясаттану», М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану» білім беру бағдарламаларының 1-3 курс студенттері мен магистранттары Алматы мен Орал қалаларының экологиялық мәселелерін талқылап қана қоймай, олардың шешу жолдарын, екі қаланың саяси-экологиялық ерекшеліктері және жастардың тұрақты қалаларды дамытудағы рөлі жөнінде пікір алмасты. Онлайн-телекөпірді Құралай Несіпбекқызы Ашекеева алғысөзбен ашты.

М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті Хамитова Мадина «Батыс Қазақстан облысының экологиялық жағдайы» тақырыбында баяндама жасады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның «Саясаттану» мамандығының 1-курс магистранттары Касенова Наргиза «Жасыл болашақ: экологиялық саясат және тұрақты даму», Саламат Аяла «Жасыл Алматы: қаланың экологиялық саясаты мен даму шаралары» атты өз ғылыми зерттеу жобаларымен бөлісті.

Екі қаланың экологиялық саясатына ерекше назар аударып, студенттер проблемаларды шешу жолдары мен нақты ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ

тұрақты қаланың дамуына экологиялық мәселелердің тигізетін ықпалын да атап өтті. Онлайн телекөпірдің интерактивті сессиясында студенттер мен магистранттар өзара пікір алмасты, баяндамашыларға көкейдегі сұрақтарын қойып, өңірлердің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын білдірді.

Іс-шараны қорытындылай келе, қатысушылар экологиялық мәселелерді шешуде студенттердің белсенді атсалысуы қажеттігін және бұл салада университетаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын ерекше атап өтті.

Бакытгул МЫРЗАБАЕВА,
Әлеуметтік ғылымдар БББ аға оқытушысы

«Қыз Жібек» туған жерінде

Махамбет университетінде қазақ киносының аңызға айналған тұлғасы — Меруерт Өтекешевамен ұмытылмас кездесу өтті.



Қыз Жібек бейнесін сыйлаған танымал актриса өмірлік тәжірибесімен, шығармашылық жоспарларымен бөлісіп, студенттерді жаңа белестерді бағындыруға шабыттандырды. Рухани жиын барысында актриса жастарға үлгі өнеге ретінде ақыл-кеңесін айтып, «Қыз Жібек» фильміндегі қызықты естеліктерімен бөлісіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Қалың көрерменнің көңілінен жол тапқан махаббат хикаясы сол кездегі көп жастарды өзіне ғашық қылғаны белгілі. Бүгінде тарихи туындының жанкүйерлері әлі күнге дейін «Қыз Жібек пен Төлегеннің» махаббаттарына деген шынайы сезімдерін жасырмақ емес.

«Halyk Bank»

өкілдерінен қызықты дәріс

Жуырда Махамбет университетінде «Halyk Bank» өкілдері студенттерге арналған көшбасшылық туралы қызықты дәріс өткізді.

Олар болашақ мамандарға көшбасшылық дағдыларын дамыту, командада жұмыс істеу және өз мақсаттарына жету жолдары туралы пайдалы ақпаратпен бөлісті. Осындай іс-шаралар студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуына үлкен үлес қосады.



Діни сауаттылық – заман талабы

Бүгінгі таңда жаһандану мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жағдайында діни сауаттылықтың маңызы ерекше артып отыр. Діни мәселелер тек жеке адамның сенімі ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығы мен бейбітшілігі үшін маңызды факторға айналды. Сондықтан діни сауаттылық тек діндар жандар үшін ғана емес, барлық азаматтар үшін қажет дағдыға айналуға тиіс.



Діни сауаттылықтың негізгі мәні – дін туралы дұрыс ақпарат алу, оны түсіну және қоғамдағы діни мәселелерді саралай білу. Бүгінгі заманда дінді бұрмалап түсіндіру немесе экстремистік топтардың ықпалына түсіп қалу қаупі барынша жоғары. Осыған байланысты кез келген адамға өз дінін ғана емес, басқа да діндер туралы базалық білім қажет. Бұл өзге дін өкілдеріне құрмет көрсетуге және толеранттылыққа негізделген қоғам қалыптастыруға

сеітпін тигізеді.

Діни сауатсыздық түрлі әлеуметтік мәселелердің туындауына себеп болуы мүмкін. Соның бірі – радикализмнің таралуы. Дінді дұрыс түсінбейтін адамдар теріс ағымдардың жетегінде кетіп, қоғамға қауіп төндіруі ықтимал. Сондай-ақ діни сауатсыздық отбасындағы түсінбеушілік пен ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайларда адамды ақпараттық

қауіптен қорғау үшін білім мен ақпараттың рөлі зор.

Діни сауаттылықты арттыру – бұл тек діни оқу орындарының ғана міндеті емес, сонымен қатар жалпы білім беру жүйесі мен қоғамдық институттардың жауапкершілігі. Мектептерде дін тарихы мен мәдениеті туралы пәндерді енгізу, студенттер мен жастар арасында ақпараттық семинарлар өткізу – осы бағыттағы негізгі қадамдар болып табылады. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет ресурстарын пайдалану арқылы қоғамға дін туралы дұрыс ақпарат тарату маңызды. Журналистер мен блогерлердің де діни сауатты болуы қажет, өйткені олар – көпшілікке ақпарат жеткізудің негізгі құралдарының бірі.

Отбасы – діни тәрбиенің алғашқы және ең маңызды ортасы. Ата-аналар өздері де діни сауатты бола отырып, балаларына дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Баланың діни сенімі мен өмірлік құндылықтары отбасы ішінде қалыптасады. Егер ата-ана дінді дұрыс түсініп, баласына оны дұрыс жеткізсе, онда бала діни сауатсыздықтың салдарынан қорғалады.

Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Мұндай жағдайда діни сауаттылық қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаудың басты шарттарының бірі. Мемлекет тарапынан діни сауаттылықты арттыруға бағытталған түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуға тиіс. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, жергілікті имамдар мен теологтар осы бағытта белсенді жұмыс істеуде. Олар мешіттерде ғана емес, оқу орындары мен қоғамдық ұйымдарда да насихат жұмыстарын жүргізуде.

Діни сауаттылық – тек діндар жандар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін қажетті құндылық. Бүгінгі заманда кез келген адам діни білімді тек өз сеніміне негізделіп емес, қоғамдағы толеранттылық пен бірлікке үлес қосу үшін үйренуі тиіс. Діни сауатты адам ғана теріс ағымдардың ықпалынан сақтанып, қоғамның тұрақтылығы мен дамуына өз үлесін қоса алады. Осы орайда, әр азамат өз деңгейінде діни білімін жетілдіруге тырысып, бұл бағытта отбасы, мектеп, мемлекет және БАҚ бірге жұмыс жасауы қажет.

Заман талабына сай діни сауаттылықты дамыту – қоғамның бейбіт әрі тұрақты өмір сүруінің кепілі.

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) жұмысының ғылыми-сараптамалық әлеуетін дамыту этносаясаттың басым бағыты ретінде назар аудартады. 2024 жылы 24-25 сәуір күндері Астана қаласындағы Президенттік орталықта «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXIII сессиясы өткені мәлім. Сессия шешіміне сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының ғылыми-сараптамалық әлеуетін дамыту негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясының елде жүргізіліп жатқан реформаларды сүйемелдеудегі және мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы рөлі мен оған қатысуын біртіндеп күшейту; әлеуметтік сауалнамалар жүргізу арқылы этносаралық жағдайды зерттеу, талдау және мониторинг жүргізу; сессияның және өңірлердегі пікірталасулардың барысында айтылған халық бірлігін нығайту жөніндегі өзекті идеялар мен бастамаларды талдау міндеттері қойылды.

Әлемдік жаһандану үдерісінің даму ырғағы қарқынды жүрген шақта әлемде түрлі геосаяси ойындар белең алып, жер шарының түкпір-түкпірінде соғыс өрттері тұтанып адамзатты алаңдататын жағдайға жетті. Бұл жаһандық үрдістерден Қазақстан да тыс қала алмайды өрі еліміздің геосаяси жағынан Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы орасан зор экономикалық транзиттік-логистикалық мүмкіндіктер беруімен қатар саяси-діни және саяси-этностық сипаттағы сын-қатерлердің де нысанына айналдырып отыр. Сондықтан этносаралық татулық еліміздің саяси тұрақтылығы мен экономикалық гүлденуі үшін ауадай қажет. Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Осы ретте Қазақстан халқы Ассамблеясының басты міндеті – мемлекеттік этносаясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру. Көпэтносты еліміздің этносаясатының ғылыми теориялық және қолданбалы – тәжірибелік негізін қалауда ҚХА ғылыми-сараптамалық топтарының маңызы өте зор. Ал ҚХА ғылыми-сараптамалық топтарының мақсаты - қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру үдерісінде республикадағы этносаралық келісімді ғылыми-теориялық зерттеу және осы негізде этносаясатты іске асыруды ғылыми сараптамадан өткен қолданбалы-тәжірибелік іске асыру тетіктерімен қамтамасыз ету. БҚО ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері ҚХА қызметін ғылыми-зерттеу, ақпараттық және сараптамалық сүйемелдеу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. Осы кезеңде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғалымдары БҚО ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының мүшелерінің басым бөлігін құрап отыр.

Сессия шешімдерінен туындайтын халық бірлігін нығайту жөніндегі өзекті идеялар мен бастамалардың бірі – Қазақ елінің этнос өкілдерінің жаңа ұрпағының санасында бірлік, татулық, сыйластық, ынтымақтастыққа қатысты аға ұрпақ өнеге еткен білік-дағдыларды қалыптастыру. Біздіңше, бұның бір жолы – халық даналығы негізінде баулу. Біле білсек, бірлік, татулық, сыйластық, ынтымақтастық – әлемдік мәңгілік адамзаттық құндылық. Тап осы қасиеттер – ұлттық қастерлі құндылық та. Байқасақ, сан ғасырлық аса орасан құндылық - осы. Халық даналығы осы арнада өрбиді. Заманамыздың заңғар қаламгері Өбіш Кекілбайұлы айтады: «Қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары» деп. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінде ғасырлар бойы қалыптасып, қауым жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып келе жатқан мыңдаған мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді (афоризмдер) даналыққа балап және оларды халық бойындағы асыл қасиетке теңеп, «халық даналығы» тұрғысында тануымыз әбден орынды. «Даналық» түркі тілдерінен парсы тілінен (иран текті) енген сөз. Демек, «дана» да, «даналық» та білімділікке, білгірлікке байланысты қалыптасқан ұғымдар. Даналықтың кені де шығыста, адамзат қауымындағы даналықтың көбі де Шығыс елдерінен (Лао Цзы, Кун Фу Цзы т.б.), солардың көпшілігі түркі өлемінен (Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Өбу Насыр әл-Фараби, Науаи, т.б.) шыққан. Түркі өлемінде бұл ұғымдарды («мудрый», «знающий», «сведущий», «мудрость», «мудрец», т.б.) ертеден-ақ көне түркі тілдеріндегі *bilig*, *biligtig* сөздері білдіреді, дүниеден өткен даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына рухани мирас болып қалған даналықтың баршасы сөз құдіреті арқылы (мысалы, «мақал-мәтел», «аталы сөз», «бабалар сөзі», «нақыл сөз», «қанатты сөз», «асыл сөз» т.б.) беріліп келеді. Ал барша даналықты халық бойындағы қасиетке балаймыз. Сол даналықты елге жайған даналар - мейлі ол өмірді көріп, білгенін көңіліне түйіп өскен қазыналы қарт болсын, не білікті-білгір ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз болсын, бәрібір-сол халық тудырған перзент. Демек, даналар дүниеге келтірген даналықтың бірден-бір заңды мұрагері-сол халықтың өзі.

Халқымызда «Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ» деген шешендік түйін бар. Бұл ретте «дуаны» «шиппа» үлгісінде қабылдаймыз. Енді бір нұсқасы: «Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ ауызының дауасы жоқ» тұрғысында қолдану. Демек, қалай болғанда да бірлік, татулық, сыйластық, ынтымақтастық туралы ауызының дуасы, дауасы бар адам айтуы тиіс. Сонда айтылған сөз жанға жағымды, айтылған сөздің шипасы, өмі болады дегені. Сонда айтылған сөз жерде қалмайды. Бірден-бір әсерлі, құлаққа жететін, орындалатын сөз болмақ. Сондай-ақ, «дуа» сөзінің берер басқа да мағынасы барын ескерсек керек. Мәселен, *дуа* - теріс биоэнергетикалық әсер. Бұл - *қара мақтың* мақсатты түрде

жасаған салқын қанды әрекеті. Егер энергетикалық жағынан күшті кез келген адам көз тигізе алатын болса, *дуаны* тек кәсіби шеберлер ғана жүзеге асыра алады. Көз тиге қарағанда *дуа* тек әдейі жасалады. *Дуа* – белгілі бір адамға, жануарға немесе басқа да нысанға (мәселен, баққа, табиғатқа, белгілі бір жерге, тіпті кейбір елді-мекендерге) зиян келтіру, денсаулығын немесе сол нысанның өзін құрту мақсатында әсер ететін ақпараттан тұратын биоэнергетикалық код... Бұны да біле жүрген жөн.

Дуалы, дауалы ауыз тұлғалар не дейді? Бағзы мәдениет бұлақтарына бойласақ, арғы қазақ арналарынан таратсақ, б.з.д. V-VII ғ.ғ. «*Ымды түсінбеген дымды түсінбейді: Эзопқа берген жауабым – Диоклға жасаған ишарам*» дейтін **Анақарыс (Анахарсис) айтады: «Даланың заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделген»; «Бақытты шаңырақ дегеніміз – жалтылдаған сәнді сарай емес, жан-жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы»; «Үй дегеніміз – балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі» деп; «Кетіскеннен кетескен жаман» дейтін **Күлтөгіні айтады: «Бекұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай»; «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»; «Бегі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, бегі менен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады»; «Күшке күш қосылса – құп, елге ел қосылса – құт» деп; «Адам өзін көркем мінезге үйретуі керек» дейтін **Мөшһүр Жүсіп Көпейұлы айтады: «Жан – сәуле, жүрек – айна»; «Сөз сөзден туады, сөйлемесе, неден туады?!»; «Күн жоқ болса, көлеңке қайда?!»; «Құлдынды – бастан, баланы – жастан»; «Біз араб тілін білмейміз, сарт тілін білмейміз, қазақ тілінің өзін жете білмейміз. Егер жете білсек, әулиелік қазақ тілінде тұр»; «Кең тозбайды, кеңескен азбайды»; «Білмеген айып емес, білсем деп ізденбеген айып»; «Әділ биде ата жоқ»; «Кедейшілік үш ағайынды болады дейді: үлкені – кесірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы»; «Адамның адамшылығы – рухында»; «Ақыл – қуат»; «Адам бойында үш асыл бар: бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл (сезім); «Дерт жіберген құдырет болмашы бір нәрседен дауасын да******

олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

- Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді. Әлібек би:

- Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда Төле бала:

- *Түсіндім, әке! Бұл мысалыңыңдың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз гоу. – Бәрекемді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегенің мәнісі осы, - депті.*

Халық даналығына әркез жүгіну аса тиімді. Осы арнаның бір көзі – ақыл-нақыл сөздерінде. Мәселен, «*Бірлігі бекем елдің берекесі мол болмақ»; «Ырыс алды – ынтымақ»; «Көптен көрген – ұлы той»; «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер»; «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді»; «Тірлік түбі – бірлік»; «Жұрт келгендей жиын болсын, Жұмылған қолдай ұйым болсын»; «Бір кісінікі – мақұл, Екі кісінікі – ақыл»; «Ел бірлігі – ел теңдігі»; «Бірлік болмай тірлік болмас»; «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»; «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады»; «Бірлікті ел бұзылмас»; «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»; «Бірлік, ынтымақ – байлық, бақ»; «Бірлік жоқ болса, ұйым жоқ, Ұйым жоқ болса, күйің жоқ»; «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді»; «Тобынан айрылған қазды топталған қарға алады»; «Кең киім тозбайды, кеңесші ел азбайды»; «Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады»; «Ырыс алды – ынтымақ»; «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық»; «Қол жұмылмай, жылынбайды»; «Кеңеспен шешкен шешімнің кемісі болмас»; «Ынтымақ болмай іс оңбас»; «Топтанып ұшқан торғайға тұрымтай да бата алмас»; «Көп дауыс қосылса, бір дауысты жоқ қылады»; «Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле», т.б. Демек, алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзіміз бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибеміз. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым. Тәуелсіздік тұсында халқымыз талай дүниені ой елегінен өткізе білді десек те, рухани салада әлі де пәрменіміз төмен.*

«Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп»

(Халық даналығындағы бірлік, татулық, сыйластық, ынтымақтастық мәселесі)



өзі жібереді» деп; «*Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды*» дейтін **Әлихан Бөкейханұлы айтады: ««Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана»»; «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады» деп; «Қолтығына қыстырған градуснигімін халқымның» дейтін **Қадыр Мырза Әли айтады: «Халыққа да жылы сөз керек»; «Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды»; «Өзің қандай болсаң, өмір сондай»; «Қара бұлт қауіп емес, заманның қабағы ашық болсын»; «Қара тастай берік бол, қатты болма бірақ та»; «Қазақтың қуаты бірлігінде»; «Қарын тоқ болса – жақсы, көңіл тоқ болса – жақсырақ»; «Қателіктен қорыққан да қателік»; «Қылбұраумен тұрған ел құлдыраумен тынады»; «Руластан рухтас жақын»; «Ел қамынан қымбат емес өз қамың»; «Қазақтың құшағы Күннен де ыстық»; «Елдің туы жығылмас, тілдің туы жығылмай»; «Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады»; «Бармақтай бақты ұстап тұру үшін батпандай салмақ керек»; «Өзің үшін күресте жеңілсең де, елің үшін күресте жеңілуге хақың жоқ»; «Тілім менің – байрағым»; «Биікке шықпағандар бііктен құламайды»; «Қайғының кішкентайы болмайды»; «Дүниенің бәрін – адам болам дегендер емес, құдай болам дегендер бүлдіреді»; «Қазақтығым – қасиетім»; «Тау қарының тазалығын алсаң да, суықтығын алма сен»; «Дүниеде екі ғаламат нұр бар: біреуі – Күннің нұры, екіншісі – сөздің нұры»; «Бақыт деген досыңның табағында, домбыра шанағында, жарыңның жанарында, халықтың қабағында»; «Бұл дүниеде татулықтан басқаның бәрі сатулық»; «Адам болу – өзіңе-өзің ие болу» деп.****

Халық даналығының бір тұнбасы – шешен-би сөздерінде. Мәселен, Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «*Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ*» дегенді сұрайды. Сонда әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

- Балам, мынаны сындырып көрші. Төле буылған шыбықты

Ел жаңаруда, десек те сананың жаңаруы баяу. Ұлтсыздық отбасылық тәрбие, ақпарат ағынымен, әлеуметтік ортаның ықпалымен жалғасуда. Үлкендеріміздің ұлттық мүдделерге жауапсыздықпен, парықсыздықпен қарауы, татымсыз талғамсыздық, ұлттық құндылықтарды менсінбеу, селкостық және оны сезінбеу ұлтсыздықты бойға сіңіре бермек. Өкінішке орай, бүгінде жалған руханилық, ұлттық мүдделерді сыйлаған болу, тіпті мүсіркеу, ұлтшыл болып көріну де ұшырасады. Осы тұрғыдан келгенде жекелеген ауызы дуалы арлы тұлғалар тарапынан айтылған бірлік, ынтымақтастық туралы түйінделген рухани тәжірибе аса құнды. Шынтауында, өмірдің күллі саласында ұлттық ерекшеліктерді ескеру, этностық мәдениетті, бірлік, ынтымақтастық әдебин сақтау - руханилықтың бір көрінісі. Себебі дәстүрлі наным-сенім, ұлттық құндылықтар – ұлттың темірқазығы. Мәлесен, Махамбет Өтемісов университетінде осы дәстүр жаңа ұрпақтың кредосы тұрғысында қалыптастырылуда. Бір үлгісі: университеттің I курс студенттеріне оқу жылының алғашқы күні Исатай – Махамбет бабаларымыздың ескерткіші алдында «*Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, Қосылып екем ағаш-орман*» тұрғысында топ ұранын (девиз) ант ретінде қабылдату, кейінгі тұстарда әр кез қайталату, еске салу тиімді.

Төле биден сұраған екен: - *Бақ дегеніміз не? - Бақыт дегеніміз не? - Перзент дегеніміз не?* деп. Сонда Төле би: *Бақ дегеніміз – басқа қонған құс, Бір кезде ол ұшып кетеді. Бақыт дегеніміз – алақандағы мұз, Бір кезде ол еріп кетеді. Перзент – артыңда қалған із, Ең бастысы – сыйласқан сіз бен біз* деген екен. Сол айтқандай, ағайын, Сіз бен бізіміз мол болғай, мығым болғай! Бүгінгі жаңа ұрпақты сөзге тоқтауға, даналық сөздің астарына бойлауға баулиық!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қоғамдық даму департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі

Тұрар ШАЙХИЕВ,

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі

Елеулі еңбек иесі

«Ер есімі – ел есінде. Ұлтқа – мұра, ұрпаққа – үлгі» деп даналық сөзді ұстанған халқымыз әрдайым ерлікті, елдікті, көрегенділікті жоғары бағалаған. Ізжан Төлегенов есімі осы сөздердің толық мағынасын ашады. Майдандағы ерліктері, жанқиярлығы, өшпес рухы мен жігері тек қана сол кездегі жауынгерлер үшін ғана емес, келешек ұрпақ үшін – мәңгі өнеге.

Ардагеріміздің өмірі тек қана соғыс кезіндегі батырлықпен шектеліп қана қоймай, ұстаздық саласында

Ізжан Төлегенов – А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің) химия-биология факультетін, алғашқы түлектердің бірі және үздіктердің бірегейі болып тәмамдады. Бұл – оның білімге деген ерекше ықыласы мен зейінін көрсетеді. Ол жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру жолында өз үлесін қосып, оқу ордасының абыройын асқақтатқан азаматтардың бірі болды. Өз саласындағы жоғары білімін, кәсіби тұрғыда



атқарған еңбек жолын да айырықша атап өте аламыз. «Ұстаздық – жүректің батырлығы» деседі. Ал талай шәкіртке білім атты дариыдан сусындатып, талай жас үміттің отын жаққан тұлғамыз – нағыз «Ұстаздың» прототипіндей.

ұштап, еліне аянбай еңбек етті.

Аңыз тұлғамыздың өзі өмірден өтсе де, саядай жайылған ұрпағы, көзі бар. Ержан Ізжанұлы Төлегенов, әкесі туралы мынадай естелікті тілге тиек етеді:

- Ұлы жеңіс күндері соғыс ардагерлерін марапаттауға

ҚҰНАРЛЫ ШЕШЕНДІК САФАТЫ

Профессор Абат Сатыбайұлының «Шешен сөйлеймін десеңіз» атты шеберлік сағаты ерекше әсер қалдырған, мазмұны терең, пайдалы іс-шара болды. Бұл жиын шешендік өнердің қыр-сырын меңгергісі келетіндерге үлкен мүмкіндік берді. Қазіргі заман талабы – өз ойыңды анық, нақты әрі сенімді жеткізе білу. Сондықтан осындай мастер-класстардың маңызы зор деп білемін.



Профессор Абат Сатыбайұлы – шешендік өнердің майталман шебері. Ритор-педагог ұстазымыздың бай тәжірибесі, әсерлі сөйлеу мәнері, аудиториямен байланыс орнату қабілеті әрбір тыңдаушыны терең баурап алды. Ұстаз-ғалым тек теориялық біліммен ғана шектелмей, нақты өмірден алынған мысалдар келтіріп, тыңдаушыларға 200-ден аса тәжірибелік тиімді кеңестер берді. Профессор Абат Сатыбайұлының әрбір айтқан сөзі, ұсынған тапсырмалары студент жастардың шешен сөйлеуге қызығушылықты еселей арттыра түсті.

Мастер-класс барысында шешендік өнердің негізгі қағидалары, дұрыс сөйлеу техникасы, аудиторияны баурау тәсілдері жан-жақты талқылана ұсынылды. Қатысушылар өздерінің сөйлеу дағдыларын дамыту үшін арнайы жаттығулар жүйесімен таныстырылып, өз ойларын еркін жеткізуге мол мүмкіндік алды. Көпшілік

алдында сөйлеуден қорқатын адамдар үшін бұл ерекше маңызды сабақ болды. Осындай аса тиімді шеберлік сағатынан кейін өзімнің сөйлеу мәдениетімді тереңдете дамытуға қызығушылығым еселей артып, шешендік сөйлеу мәдениетінің қағидаларына қол жеткізудің жаңа жолдарын үйренуге ден қойдым.

Шешендік – адамның ойлау қабілетін, логикасын, сенімділігін арттыратын өнер. Профессордың шеберлік сағатынан кейін көпшілік алдында сөз сөйлеудің тек сөйлеу емес, тыңдаушыны сендіру, өз ойыңды дәлелдеу, аудиторияның қызығушылығын ояту екенін жете түсіндім. Шеберлік сабағында айтылған ойлар желісі халық даналығымен үндесіп жатты. Мәселен, «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Шешеннің сөзі – мерген, қылыштан да өткір», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ойы жүйрік, тілі көркем адам – нағыз шешен», «Сөйлеушінің ең ұлы қаруы – оның сөзі» секілді тұжырымдар терең ойға жетелейді. Демек, осындай форматтағы мазмұнды шеберлік сағаттары жиі ұйымдастырылып тұрса, студент жастар өз ойларын еркін, анық және сенімді жеткізе білуге үйренері даусыз. Бұл іс-шара болашақ көшбасшылар, ұстаздар, мамандар мен жастар үшін ерекше маңызы зор сабақ деп білемін.

Профессор Абат Сатыбайұлына осындай құнды білім қорымен бөліскені үшін шын жүректен шәкірттік алғысымды білдіремін. Ритор-педагог ғалымның тәжірибесі, шеберлігі, жан-жақты білімі әрбір қатысушыға үлкен мотивация бере алды. Осындай пайдалы іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, көпшілікке өз пайдасын тигізе берсін демекпіз!

Бақытгүл ДОСКАЛИЕВА,
Қоғамдық даму департаментінің ғылыми қызметкері,
филология факультетінің IV курс студенті



енжар қарайтын. Сонда әкем қан майданда өлім мен өмірдің арпалысының қиын кезеңін еске түсірген болса, бірде өзінің Атымтай Жомарттай қарапайым болмысын еш қалтқысыз айқын көрсетті ме деп ойлаймын. Расымен, бұл үзік ойдан ардагер ұстазымыздың нағыз адамгершілік қасиетін байқау қиынға соқпайды.

Осындай еліне елеулі қызмет атқарып, халықтың қалаулысы болған нардай тұлғаларымыз, киелі қара шаңырақ ордамыздың түлегі болуы – кеудемде мақтаныш сезімін тудырады. Келешек студент түлектер үшін ардагер ұстазымыздың жолын жалғастыру – біз үшін үлкен абырой, үлкен аманат деп білемін!

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті

Жеке адамдық туындылар тарихи дереккөзі ретінде

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих мамандығының 3 курс студенттері «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәні бойынша «Жеке адамдық туындылардың деректік маңызы» тақырыбында пікір алмасты.



Қысқы демалыста берілген тапсырма бойынша студенттер өздері оқыған классик жазушы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» және С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» деп аталатын тарихи-публицистикалық мемуарлық еңбегі туралы тұжырымды пікірлерімен бөлісті. Студенттер қазақ зиялыларының сол кезеңдегі түбегейлі өзгерістердің ортасында жүргенін, олардың артына қалдырған заманхаттары қазақ халқы тарихының маңызды дереккөзі деп бағалады.

«Өлең сөздің зергері – Қадыр ақын»

Ғылыми кітапхана және филология факультеті шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ оқытушы магистр Навекова Дамира Бахтығалиқызы, шет тілі: екі шет тілі БББ 21, 22, 29 топ студенттерімен бірігіп ұйымдастыруымен көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, Қадыр Мырза-Әлидің туғанына 90 жыл толуына орай «Өлең сөздің зергері – Қадыр ақын» атты әдеби-сазды кеш өтті. Іс-шараның мақсаты – ақынның қаламынан туған тұғыры биік туындылар мен ел жадынан өшпейтін естеліктерді өскелең ұрпаққа насихаттау. Жиын барысында Қадыр ақынның сөзіне жазылған «Тамаша» әнін ИЯ-22 топ студенті Бейсов Диас әуелете шырқап, Едрес Аминаның жеке орындауында сөзі Қадыр Мырза-Әли, әні Өшірхан Телғожиевтікі «Қазақ осы» әнін шырқап көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Әдеби сазды кеш барысында ақын шығармашылығымен кеңірек танысу үшін М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қадыр Мырза-Әли медалінің иегері Зейнолла Мутиев сөз алып, студенттерге ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы кеңірек тоқталып өтті. Өрмен қарай, ақын өлеңдерін ИЯ-29 топ студенті Қуан Жайна «Ел», ИЯ-21 топ студенті Жасулан Әсел «Күздің ұзақ жауыны», Моб-21 топ студенті Мұхитов Маулет, Битебай Аружан «Жырақтағы жақын досқа», ИЯ-21 топ студенті Ермекқалиева Айшат «Таңғажайып...», Марисова Альбина «Тамаша» өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды. Сонымен бірге Қадыр Мырза-Әлидің шығармашылығына арналған «Өлең сөздің зергері – Қадыр ақын» атты кітап көрмесіне ғылыми кітапхана кітапханашысы Мазимова Раушангүл Әлібекқызы библиографиялық шолу жүргізді. Әдеби-сазды кеш Қадыр Мырза-Әлидің сөзіне жазылған, әні Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен өз мәресіне жетті. От ауызды, орақ тілді ақынның шығармашылығы, асыл сөздері өз дәуірінің және болашақтың үніне айналып, мәңгі жасай бермек.



Университетімізде филология факультетінің ҚТӘ(А)-21, ҚТӘ(А)-23, ИЯ-27, ИЯ-29 топтарында философия пәнінен «Таным және шығармашылық» тақырыбында ашық сабақ өтті. Ашық сабаққа әлеуметтік білім беру бағдарламасының аға оқытушысы: Мырзабаева Бақытгүл Мырзахметқызы, оқытушылар Қуспанова Айгерім Жалғасқызы, Майманова Нуршат Нурханқызы, Кенжегулова Алия Александрқызы, университеттің әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің әдіскері Ермекбаева Лаура Джасузаққызы қатысты. Сабақты философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Есентаева Айжан Муратқызы жүргізді. 2 сағаттық дәрістің бірінші сағатында мұғалім таным туралы жалпы түсінік беріп, философияның күрделі бөлімінің бірі гносеология, әлемді танып білу туралы ақпарат беріп, оның екі негізгі компоненті – таным объектісі (зерттелетін зат немесе құбылыс) және таным субъектісі (зерттеуші адам) туралы толық ақпарат берді. Сонымен қатар таным деңгейлері – сенсорлық және рационалдық таным, ақиқат пен оның негізгі критерийлері, Эпистемология мен білімге жетудегі жолдар да талқыға түсті. И.Канттың агностицизмі, Д.Юмның скептицизмі, Гегельдің диалектикалық әдісі туралы анықтамалар түсіндірілді. Осындай көлемді ақпаратты студенттердің толықтай қабылдауы оқытушының өзгеше әдіспен жүзеге асты. Студенттер таным процесінің маңызын талқылап, оның негізгі элементтерімен қатар әлемді танып білуге болады ма деген философиялық мектептермен танысты. Оқытушы студенттермен кері байланыс орнатып, білім алушыларға көрсетілген ақпараттар бойынша сұрақтар беріліп, студенттер ойларын білдіріп, сұрақтарға

Әдістемелік айлық шеңберіндегі ашық сабақ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультетінде өтіп жатқан «Жоғары мектепте инновациялық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі» тақырыбындағы әдістемелік айлық шеңберінде әлеуметтік ғылымдар білім беру бағдарламасының аға оқытушысы А.М. Есентаева философия пәнінен «Таным және шығармашылық» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



жауап берді. Оқытушы мен студенттер арасында кері байланыс өте жақсы деңгейде жүрді. Көрсетілген ақпараттар студенттерді логикалық ойлаудың жүйелігіне оң әсер етті. Мұғалімнің қойған сұрақтарына студенттер терең анализ жасап, сұрақтарға белсенді

жауап беріп отырды. Сабақтың келесі кезеңі «озып оқыту» технологиясы негізінде жүргізіліп, студенттер алдын ала берілген тапсырмалар негізінде презентациялар арқылы ойларын ортаға салды. ИЯ-29 тобының студенттері Қуан Жайна,

Хайрашева Айжан, Талапкалиева Назерке, Қауыспаева Диана «Танымның ғылыми аспектілері» тақырыбы бойынша сөз қозғаса, ИЯ-27 тобының студенттері Туякова Аружан, Сыдихова Зауреш, Махсотова Ақтыныс, Нурлығайнова Иннара «Эпистемология. К.Поппердің сыни рационализмі» тақырыбы бойынша жинақтаған материалдары негізінде түсініктерін айтты. ҚТӘ(А)-21 тобының студенттері Ширмедин Ақбота, Ситжанова Жан-Айна, Талапова Дильназ «Таным туралы түсінік. Танымның субъектісі мен объектісі» тақырыбын аша ҚТӘ(А)-23 тобының студенттері Ильяс Жансая, Булатова Зарина «Скептицизм ұғымы, ақиқат және оның критерийлері» тақырыбында ой бөлісті.

Сабақ соңында оқытушы Есентаева Айжан Муратқызы қорытынды жасап, танымның адам өміріндегі маңызына тоқталды. Ашық сабақ студенттерге философиялық ойлаудың негіздерін тереңірек түсінуге көмектесіп, таным процесінің күрделі, бірақ маңызды екенін ұғындырды. Сабақ барысындағы қолданылған әдіс студенттерді тақырыпқа көңіл аударуға міндеттеумен қатар олардың өздерінің жаңа қырынан ашылып, аудитория алдында еркін сөйлеуіне үйретіп, білімді игерумен қатар біліктілік дағдыларын қалыптастыруға да ықпал етті деп есептеуге болады. Болашақ мамандар сабақ барысында оқытушы Айжан Муратқызына алғыстарын айтып, оқытушы да студенттерге ризашылығын білдірді. Болашақта осы сынды әдістер арқылы білімді арттырып, таным көкжиегін кеңейтуді ойлаған студенттер үшін бұл сабақ өте пайдалы болды.

Алтынай ЖУРАСОВА,
Тарих ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік білім беру бағдарламасының жетекшісі

Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау

Физика-математика факультетінде «Мен таңдаған мамандық» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге факультет оқытушылары мен студенттері және Х.Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектептің оқушылары қатысты. Дөңгелек үстел мамандық туралы ой бөлісу, пікір алмасу, студенттеріміз бен оқушыларымыздың таңдап отырған мамандықтары туралы көзқарасын дамыту мақсатын көздеп, «Маманмен сұхбат», «Оқушы, түлек, талапкер», «Менің пікірім», «Тұжырымды дәлелде», «Жағдаяттық сұрақтар», «Ұшқыр ой», «Құпия сөздер» кезеңдерін қамтыды.

Дөңгелек үстелдің шымылдығы «Мың түрлі мамандық» бейнебаянының көрсетілуімен ашылды. Дөңгелек үстелге қатысқан оқушылар мен студенттер өздерінің пікірлерін білдіріп, тақырыпқа қатысты ойларын бөлісті. Математика білім беру бағдарламасының аға оқытушысы «Менің пікірім айдарында Қадырбаев Мухамбет Мендигалиұлы өз тәжірибесі мен көзқарасын ортаға

салып, талқылаулар барысында маңызды мәселелерді көтерді, оқушыларға мамандық жөнінде кеңестер берді.

Күмбірлеген күй, әуезді ән дөңгелек үстелге қатысушылардың көңілдерін бір серпілтіп, олардың арасында ерекше бір жылылық пен бірлік сезімін ұялатты. Бұл сәт барлық қатысушыларды өз ойларын еркін бөлісуге шабыттандырды. Сонымен қатар «Құпия сөз» кезеңінде

берілген сандарды цифрлау арқылы «Өмірді өзгерту мүмкін емес! Егер бұл өмірде саған бір нәрсе ұнамаса – өзің өзгеруге тырыс...», «Әр адамның өмірде бақытты және бақытсыз болуы, табысты және табыссыз болуы өз қолында», «Не үшін өмір сүру керектігін білген адам, кез келген жағдайға төтеп бере алады» деген ой түйіндер жасалды.

Әдістемелік жұмыс және білім беру

технологиялары бөлімінің әдіскері Лаура Жасұзаққызы дөңгелек үстелдің өту барысына оң баға беріп, оқушылар мен студенттерге сәттіліктер мен жетістіктер тіледі. Сонымен қатар ол қатысушылардың белсенділігін, тың ойларын жоғары бағалап, алдағы уақытта осындай іс-шаралар арқылы білім алушылардың көзқарастарын кеңейтіп, жаңа дағдыларды меңгеруге ықпал ететінін атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Зухра МАКСИМҚЫЗЫ,
информатика мұғалімдері мен IT мамандарын дайындау БББ оқытушысы

■ Ұлы Жеңіске 80-жыл!

«Отан үшін от кешкен арулар»

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тарих, экономика және құқық факультетінде Алаштану Ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Отан үшін от кешкен арулар» атты соғыс ардагерлерінің ұрпақтарымен кездесу өткізілді.

Іс-шараға баспасөз өкілдері де шақырылды. Тағылымды жиынға қатысқан тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор М.Қ.Сүлейменов кіріспе сөз сөйледі. Студенттермен кездесуге Подольск Орталық мерген қыздар мектебін бітірген «Берлин» операциясына қатысқан, Үшінші дәрежелі «Даңқ» орденінің, бірнеше жауынгерлік медалдарының иегері мерген Муслима Кожаметованың; Подольск Орталық мерген қыздары мектебін бітірген «Берлин» операциясына қатысқан «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері Әлима Габдушеваның; Белоруссия партизан отрядының байланысшысы «Қызыл Жұлдыз» ордені мен «Отан соғысының партизаны» медалінің иегері Нұрғаным Байсейітованың; Карелиядағы партизандар штабының екінші класты байланысшысы «Эфирдің сұр мергені» атанған Екінші дәрежелі Отан



соғысы ордені мен бірнеше жауынгерлік медалдарының иегері Майра Мақатованың ұрпақтары қатысты. Отан үшін от кешкен қазақтың батыр қыздарының өмірі туралы тарих мамандығының 3 курс студенттері таныстырылымдық баяндамалар жасады. Әрбір баяндамашылардан кейін ардагерлердің ұрпақтары сөз алып, естеліктерімен бөлісіп, майдангер аналарын мақтан етті. Мерген қыз Муслима

Кожаметованың таспаға жазылып алынған бейнебаяны тыңдалды. Мерген Әлима Габдушеваның келіні Гүлзада Жолдықайырқызы мен байланысшы Майра Мақатованың келіні Құндыз Жылқыбайқызы ене мен келін арасындағы сыйластық, өзара құрмет сезімдерін тебіреніспен жеткізіп, ежелерін сағынышпен еске алды. Сөйтіп студент жастар қатысқан бұл іс-шарада біз «бір оқпен екі қоян аттық»



деп қуандық. Өйткені кездесу, сұхбаттасу түрінде өткен тарихи танымдық іс-шарамыз өнеге сағатына ұласып, ене мен қазақ келінінің арасындағы сыйластық, достық қарым-қатынас туралы ерелі ойлар айтылды. Кафедра меңгерушісі А.С. Байболсынова қонақтарға алғыс айтып, студенттер өздерінің әсерлі ойларымен бөлісті. Қазақтың батыр қыздарына арналған тағылымды іс-шараны Халық Батыры Бауыржан Момышұлының «Жеңіске жеткен қуанышқа кенелді, жетпеген арманда кетті. Отан соғысында өлгендерді ұмытпайық. Өзіміз өлгенше аттарын аузымыздан түсірмей, жазғанымызды қағаздан қалдырмай, айта берейік. Оларға біздің дұғамыз сол болсын, Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады!» деген сөзімен қорытындыладық. Мәдениет және өнер факультетінің вокальдық өнер мамандығының оқытушысы әнші Б.С.Бейсова «Огонек» әнін, ал студенттердің вокальдық тобы «Катюшаны» әулетті. Жиын соңында соғыс ардагерлерімен естелік суретке түстік. Бүгінгі оқиға ертеңгі тарих. Сурет – шежіре дерек!

Ұлы ерліктің иесі - Жұбан ақын

Ғасырлар тоғысына жақын, әлемнің төрттен бір бөлігін иеленіп отырған қызыл империяның бір бүйірі сөгіліп, қасіретті сексен алтының желтоқсаны қаймана қазақтың жүрегінде жазылмас жара болып қалды. Сол желтоқсанда елдің ертеңі үшін алаң болған жастар алаңға шығып, өз пікірін ортаға салды. Бетіне жел есіп көрмеген қызыл империя мұны «басбұзарлық» деп, талай жасты «нашақор» деп, қыршын етті. Көзкөргендердің естелігінде осы оқиғаға әділ бағасын берген шынышылдар саны аз болғанын айтады. Соның бірі әрі бірегейі – ақын Жұбан Молдағалиев еді. Жазушыларды жаңа жылмен құттықтау үшін жазушылар одағына келген Колбинге «қыздарымды шашынан сүйреп, ұлдарымды күрекпен соқты» деп ашына сөз сөйлейді. «Бұл қорлықты көргенімше Ұлы Отан соғысынан оралмағаным жақсы еді» деп ашынады. Бұл сол уақытта ешкім бармаған, бара алмаған ұлы ерлік еді. Сол себептен болса керек: «Жұбан – бөрі, қалғаны қояндардай» деуі ақын апамыз Ақұштап Бақтыгерееваның «Ерлікті көзбен көрген күн» атты өлеңінде. Мұны не үшін жазып отырмын?! Себебі сол ерліктің иесі Жұбан ақынның кіндік қаны тамған Тайпақ жері – менің де кіші Отаным. Тарлан ақынмен жерлес болғаным мақтанамын.

Атақты ақын Жұбан Молдағалиев өзінің туған жеріне жасаған кезекті сапарында, шағылды жайлай қонған арғы атам Серғазының үйінде қонақ болыпты. Ол туралы өзінің таңдамалы шығармалар жинағының үшінші томында жазады. Ел жайынан хабар алып, дастарханнан дәм татқанын жазады. Кетер алдын атам Аманжол ардақты ақыннан бата сұрап, ұрпағына яғни бізге үлкен нығмет қалдырды. Бүгінде атам сексеннің сеңгіріне шықты. Осы оқиға туралы әркез айтып отырады. Жұбанның болмыс бітіміне сүйсініп, «нағыз ер еді ғой» деп еске алады. Осы оқиға бізге де үлкен мәртебе әрі жігер. Атам «бізге сын болады» деп Жұбан жырын жаттатып өсірді. Қазірде балауса шағымызда жаттаған ақынның жыры санамызда сайрап, әр әріпі бізге үлкен жауапкершілік артып тұрғандай.

Биыл тарлан ақынның туғанына 105 жыл. Осы атаулы мерекені ел болып жоғары деңгейде атап өту парыз деп білемін. «Халық қаһарманы» атағын да осы мерейтойда

берсе деген сеніміміздің де бар екенін жасырмаймыз. Ақын аты халық жадынан, ерлігі жүрегінен өшпейтініне сенімдіміз. Осы жазбамды ақынның шаңырағымызда қонақ болған сәтін жырмен кестелеген туған ағам Әнуар Аманжоловтың «Жұбан – жебе» атты өлеңімен аяқтаймын.

Жұбан - жебе (атаммен болған әңгіме)

«Өлең» десе ертен сен, түс егеске,
(Жүрегіңе от берер күш емес пе?!)
Өлең жайлы толғансам, көз іле алмай,
Бала кезгі оқиға түседі еске.

Бала едім ғой түйнекті ақыл дәні,
(Өлең сенің білмеуші ем атыңды әлі)
Дала кезген ойымды, ойын қуып,
Бұзды бір күн атамның шақырғаны.

Тым оқыстан естілді мынау енді,
(Мезгіл ымырт. Басқан шақ қырау белді)
...Ойлы жүзін аударып жанарыма,
«Жұбан кім?» деп, ауырлау сұрау берді.

«Ақын» дедім ойланбай, іркілместен,
(Кетпейді ғой ешқашан бұл күн естен)
«Қазақ» деді, нақтылап, атам тағы,
Тірі қалған мың өлім, мың күрестен.

«Және» деді үзілген жалғап сөзін,
(Ұстағандай көрінді салмақты өзін)
«Мынау айтар сөзімді мәңгі ұмытпа,
Менен тарар ұрпаққа - салмақ, сезім»

Жылдар менің жасымды тонап болған,
(Қолымда қалам емес орақ болған)
Мынау тұрған шаңырақ, ескі үйімде,
Жұбан ақын бір кезде қонақ болған.

...Жұбан отыр. Қарайды сынай бөрің,
(Болмысына сыйлаған Құдай дарын)
Жарты сағат отырып, кетпек болды,
Тізерлей қап батасын сұрай қалдым.

Сонда Жұбан жымиды. (Жылынды аймақ)
(Біреуге ерсі, біреуге мұным айбат)
Аузынан құлаған ақ батасы,
Қонып жатты иыққа жүгін байлап.

«Жалған сөйлер болсаңыз - ұртың күйсін,
Аш - қомағай болсаңыз - мұртың күйсін.
Ұрпағыңнан ақын боп шықса біреу -
Ұлтын сүйсін!
Ұлтын сүйсін!
Ұлтын сүйсін!»

Деді дағы жөнелді күн батысқа,
(Сол аяулы сәтім - ау, тым - ақ қысқа)
Сөзге құмар балам ең ұрпағымнан,
Жырдың туын ендігі сен ақ ұста.

Ұлтыңды сүй - қуаныш, мұңын біліп,
Ұлтыңды сүй - қайғысын, сырын біліп.
Сен дүниеге келген күн аунатып ем,
Жұбан шыққан сол төрге, ырым қылып.

...Маған емес тек қана, сақалы ердің,
Ұрпағыма берілген бата» - деді.
Бітірген соң тым ауыр әңгімесін,
Көз алдымда өзгерді ата реңі.

Бұл күндері есейдік, жыр - қанатым,
Ақын берген батасы - бір қанатым.
...Мінберлерге шыққанда өлең оқып,
Сүйейтіндей арқамнан Жұбан ақын!

Аружан АМАНЖОЛОВА,
Мтж-11 студенті

Тарих ғылымының ғұлама ғалымы

Жақында тарих, құқық және экономика факультетінде ҚР тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі ғалым, қадірлі әріптесіміз Жаңабек Жаңабайұлының 50 жасқа толуына орай дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл іс-шара ғалымның ғылымға қосқан үлесін бағалап, оның еңбек жолын, зерттеулерін және ғылыми жетістіктерін атап өту мақсатында өткізілді.

Дөңгелек үстелге университетіміздің ардагер ұстаздары, қызметтегі әріптестері мен жолдастары, үзеңгілес достары, ғалымның шәкірттері мен магистранттар қатысты. Олар әріптесіміздің ғылыми еңбектерін талқылап, оның Қазақстан тарихын зерттеудегі ерекше үлесін атап өтті. Ғалымның бірнеше маңызды еңбектері, соның ішінде ұлттық тарихты жаңаша тұрғыдан зерделеу бағытындағы зерттеулері қарастырылды. Дөңгелек үстел ғылыми талқылаумен қатар, ғалымның тұлғалық қасиеттері мен педагогикалық қызметі туралы жылы лебіздермен толықты. Іс-шара барысында ғалымның кәсіби шеберлігін, ғылымдағы жоғары жауапкершілігін және зерттеу жұмыстарындағы терең ой-санасын ерекше атап

өтті. Сондай-ақ ғалым әріптесіміздің ғылыми карьерасы мен жетістіктеріне шолу жасалды. Факультет ұжымы Жаңабек Жаңабайұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, тарих ғылымына сіңірген еңбегі, ұлт тарихын зерттеудегі терең білімі мен тың жаңалықтары үшін алғыс білдіреді. Сіздің кәсіби шеберлігіңіз, әділдігіңіз, ізденімпаздығыңыз көпшілікке үлгі. Алдағы уақытта да сіздің ғалымдық, педагогикалық қызметіңіз биік белестерді бағындырып, жас ғалымдарға жаңа бағыттар мен идеялар сыйлайтынына сенім білдіреміз. Әрдайым жаңа жетістіктер мен ғылыми ізденістерде жеңістер тілейміз! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ғылым жолында жаңа жеңістер мен ірі жетістіктер тілейміз!



Амал мерекесі құтты болсын!

14 наурыз күні Жаратылыстану-география факультетінде «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты университетішілік жоба аясында және де көрісу күніне арналған «Амал келді – жыл келді» атты мерекелік іс-шарасы аталып өтті. Бұл мереке қазақ халқының ежелгі дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын жаңғырту мақсатында ұйымдастырылды.

Мерекеді факультеттің белсенді студенттері «Қамажай», «Қара жорға» билерін орындап, көрермендерді ерекше көңіл-күйге бөледі. Сонымен қатар домбырамен терме айтылып, наурыз мерекесіне арналған әндер шырқалды.

Көпшіліктің мерекеге деген ықыласы мен жылы лебіздері ерекше әсер қалдырды. Осындай игі дәстүрлер мен мәдени іс-шаралар қоғамның бірлігін арттырып, жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үлкен үлес қосады. Амал мерекесі – тек қана көктемнің белгісі емес, сонымен қатар татулық пен мейірімділіктің айғағы.

Амал келді – жыл келді! Баршаңызға амандық, қуаныш және молшылық тілейміз!



Көрісу – жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн

14-ші наурыз ұлы даланың ұлы күні, жаңа жыл мейрамы, қыстан қысылмай, аман-есен шыққан «Көрісу» күні құтты болсын. Бұл күн – ізгілік пен мейірімге толы ерекше күн. Жүрекке жылулық сыйлап, бауырмалдықты бекемдейтін «Көрісу» күні әр шаңыраққа береке әкелсін! Жақын жандармен жүздесіп, ақ тілекпен қауышқан сәттеріңіз мол болсын. Әрбір амандасқан адамға шынайы қуаныш пен ақжарма тілек арнап, риясыз көңілмен көрсейік!



Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының аға оқытушы, магистр Г.Е.Жұмағалиеваның жетекшілігімен 3-курс студенттері дәстүр мен руханиятқа толы тамаша мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Көрермендер нағыз мерекелік көңіл-күйге бөленіп, ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеген әсерлі қойылымдар мен әсем ән-күйге, биге куә болды. Аталмыш іс-шара – бірлік пен сыйластықтың, үлкенге құрмет, кішіге ізеттің көрінісі. Осындай игі дәстүрлерді жалғастырып, рухани құндылықтарымызды дәріптей берейік!

Махаббат САРСЕНҒАЛИЕВА,
МТЖ 666 3курс студенті

Жаратылыстану-география факультетінде өткен «Қызғалдақ – қазақ даласының жауһары» атты танымдық дәріс өтті. Бұл іс-шара қазақ даласында жайқалып өскен – қызғалдақ гүлінің маңыздылығын, тарихын насихаттауға арналды.

Тұл патшасы - қызғалдақ

Кеш барысында факультетіміздің аға оқытушысы, «Ботаника» үйірмесінің жетекшісі Ж.С.Кажымуратова және ботаника үйірмесінің мүшелері, БГ-41 топ студенттері Жұмақұлова Әсел және Өтепбергенова Альмира қатысушыларға қызғалдақ туралы қызықты дәріс оқыды. Онда қазақ даласының мақтанышы саналатын бұл гүлдің табиғи таралу аймағы, түрлері және оның ұлттық мәдениеттегі орны туралы маңызды мәліметтер айтылды. Дәріс тыңдаушыларға қызғалдақтың экологиялық құндылығы мен Қазақстан флорасындағы рөлі жайлы терең түсінік берді. Сонымен қатар студенттер қызғалдақ тақырыбына арналған өлеңдер оқып, қазақ поэзиясындағы табиғатқа деген сүйіспеншілікті айшықтап көрсетті. Өлеңдер арқылы қызғалдақтың нәзіктігі мен сұлулығы сипатталып, көрермендер ерекше әсер алды.

Іс-шараның ең жарқын бөлігі қызғалдақтың сұлулығын би арқылы бейнелеу болды. Би қойылымында гүлдің нәзіктігі мен табиғаттың тамаша үйлесімділігі көрініс тапты. Бұл қойылым көрермендерді қызғалдақтың ұлттық символ ретіндегі маңызын терең сезінуге жетеледі.

«Қызғалдақ – қазақ даласының жауһары» іс-шарасы студенттер мен қатысушылар үшін танымдық қана емес, эстетикалық мәні зор кеш болды.

Халықаралық әйелдер күніне орай Махамбет университетінде ерекше мерекелік концерт ұйымдастырылды. Бұл күні ұжымдағы ер азаматтар нәзік жанды әріптестеріне өз өнерлерін арнады. Салтанатты кешке Махамбет арулары түгел дерлік жиналды. Алдымен университет басшысы Нұрлан Хабиболлаұлы көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурызбен шын жүректен құттықтады. Айтуынша, университет аруларының білім мен ғылымға қосқан үлестері, жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбектері – баға жетпес құндылық.



Ана - гүл, ана - өмір шуағы

Мерекелік концертке жігіттер қауымы тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұрды. Білім ордасының азаматтары сахнада өнер көрсетіп шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы болған қыз-келіншектерді әсем әндерімен қуантты. Университет ректоры да бұл тамаша сәттен қалыс қалмай, өз әнін тарту етіп, гүл шоқтарын сыйлады. Кештің ерекше қонақтары «Заман» тобы сахнада өнер көрсетті. Өуезді әндерін орындап, жиналғандарды мың бұрала билетті. Бір сөзбен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт арулардың көңілінен шықты.

Мерекелік бағдарлама барысында арнайы номинациялар мен алғыс хаттар табысталып, кештің шырайын аша түсті. Салтанатты жиынға атсалып жүрген барша жігіттер еңбектің барлығы аруларға арналады дейді. Өйткені, әр нәзік жанды бар жақсылыққа лайықты.





М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бастау алған «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» атты айлық аясында филология факультетінде 03.03.2025-06.03.2025 ж.ж. аралығында «Ұлттың сәні – сөздің мәні» атты шешендік өнерден мастер-класс, «Ел мұрасы – құндылық, ел анасы – бойжеткен» тақырыбында бойжеткен қыздарға арналған ауқымды іс-шара, «Дәм-думан – қазақтың дастарханы» атты қонақжай халқымыздың ұлттық тағамдарымен таныстыру іс-шарасы, «Ұлттық байлық күй мен жыр» сынды қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттайтын жыр кеші іс-шаралары оздырылған болатын.

Филологияда

Халықтың рухани байлығы - ұлттық құндылықтар ұлықталды

03.03.2025 ж. Апталықтың алғашқы күнінде филология факультетінің басты мақсатына айналған, тілшілер мен әдебиетшілердің сөздік құралы болар «Ұлттың сәні – сөздің мәні» атты мастер-класс өтті. Мастер-класты ұйымдастырған қоғамдық даму департаментінің директоры, Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының академигі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Халықаралық Махамбет сыйлығының иегері, «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2007, 2012) мемлекеттік грантының иегері, белгілі шешендіктанушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы болатын. «Шешен сөйлеймін десеңіз!..» атты ауқымды мастер-класта шешен болудың 250 ережесі көрсетілді. Сонымен қатар факультетіміздің жалынды, шешен жастары – Рану Русланқызы: «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса...», Дилара Жеңісқызы: «Шаршы топта сөз бастау қиын...», Айшат Серік: «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз...» атты өз баяндамаларын қорғады. Қоғамдық жұмыстарда көзге алғаш түсер белсенді студенттеріміз күйлерін, жырларын паш етті. Іс-шара барысында басқа факультеттен келген студенттеріміз де алғыс хаттармен марапатталды. Мастер-кластың басты мақсаты – филология факультетінің сөзге шешен, өз ісінің маманы болар жастарды тәрбиелеп жатқанын айқын түрде көрсету. Сократтың: «Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын» сөзі бұған дәлел.

04.03.2025 ж. күні филология факультеті ұйымдастырған кезекті «Ел мұрасы – құндылық, ел анасы – бойжеткен» атты іс-шара болды. Кештің шымылдығы белгілі ақын Мұхтар Шахановтың сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Ақбантик» әнімен ашылды. Әнді сүйемелдеп жігіт-қыздарымыз вальс биледі.

Бойжеткен – болашақтың жарқын символы. Ол тек ұрпақ тәрбиелеп қана қоймай, ұлттық мұраларды болашаққа жеткізетін көпір. Әрбір бойжеткен, әр қыз бала қазақтың дәстүрлерін ұстана отырып, өз отбасында оны жалғастырушысы. Елдің мұрасы да, тағдыры да бойжеткеннің қолында. Іс-шара барысында қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары анық бейнеленді. Соның ішінде сырға салу, қыз ұзату, беташар, келін шәй ғұрыптарын белсенді студенттеріміз бар өнерлерін салып, көрініс көрсетіп, көрерменді тәнті етті.

Қазақ халқының қыздарға арналған салт-дәстүрлеріне тоқтала кетсек: сырға салу, қыз ұзату, беташар, келін шай.

Сырға салу – екі жастың атастыру рәсімі. Жігіттің ата-анасы құда түсуге келгенде болашақ келінге сырға тағып, екі жақтың келісімі бекітіледі. Бұл қыздың басқа ешкімге айттырылған еместігін білдіреді. Рәсімнің негізгі ерекшеліктері: Құдалар бір-бірімен танысып, келісім жасайды. Қалыңдыққа



күмістен немесе алтыннан жасалған сырға тағылады. Құдаларға сыйлық беріледі, құйрық-бауыр жеп, достықты нығайтады.

Қыз ұзату – қыздың ата-анасымен қоштасу рәсімі. Бұл тойда қалыңдықтың үйінде мереке ұйымдастырылып, қыз өз үйінен шығарылады. Рәсімнің негізгі ерекшеліктері: Қыздың ағайын-туысы ақ батасын арнап, анасы қызына «Тоқым қағар» немесе «Анажол» береді (қыздың жасауымен бірге жолға қажетті заттарды дайындайды). Қалыңдықты шығарып салу әні ретінде «Қыз ұзату» әні орындалады. Қызды аттандырғанда, оған орамал тағып, жолына ақ мата төселеді.

Беташар – жаңа түскен келіннің бетін ашу рәсімі. Бұл дәстүр келіннің жаңа әулетке сіңісуін білдіреді. Рәсімнің негізгі ерекшеліктері: Арнайы жыршы немесе ақын келіннің бетпердесін ашып, оны жаңа отбасы мүшелерімен таныстырады. Беташар жыры арқылы келіннің міндеттері, отбасындағы орны айтылады. Келін үлкендерге иіліп сәлем береді, ал олар оған сыйлық береді. Беташардан кейін келін үйге кіріп, отқа май тамызады.



Келін шай – келіннің жаңа әулеттің әйелдеріне шай құйып, олармен жақын танысуы. Рәсімнің негізгі ерекшеліктері: жас келін отбасының әйелдеріне арнайы шай

құйып, ізеттілік көрсетеді. Үлкендер келіннің шай құю әдебіне қарап, оны сынады және ақыл-кеңес береді. Келіннің шеберлігіне риза болғандар оған сыйлықтар немесе көрімдік береді.

Сонымен қатар іс-шарада ән айтып, күй тартып, қызықты ойындар ойнатып, тойдан тобықтай сый ретінде сыйлықтар таратылды. Іс-шара барысында халқымыздың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі – көздің жауын алатын қазақи әшекейлерден көрме ұйымдастырылды, олар тек сәндік бұйым ғана емес, сонымен қатар иесінің мәртебесі мен рухани дүниетанымын көрсететін символ ретінде де қарастырылады. Келесі кезекте төрімізден орын алған әр Тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі болып саналатын ұлттық валюта – теңгенің тарихы баяндалып, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын бейнелеп, күмістен жасалып, бриллиантпен әрленген «Жеті қазына», «Қыз ұзату», «Тоғызқұмалақ», «Ақбарыс» және т.б. ұлттық мұраны дәріптейтін Қазақстанның коллекциялық монеталарынан жинақталған көрме іс-шараның шырайын аша түсті. Жауһар дүниелердің тарихын тереңірек таныстырып, толығырақ мәлімет беріп, олардың көркемдігін студентіміз Маратқызы Сымбат сипаттап, шолу жасау арқылы келген көрермендерге жеткізе білді.

Іс-шараның сәнін келтіріп Азбергенова Айзере бүлдіршініміз «Тәуелсіз қазақтың қызымын» атты әнін әулетте шырқады. Ұлтымыздың бағына біткен тәуелсіздік – ата-бабамыздың қанымен, намысымен, қайсар рухымен келген ұлы мұра. Сол тәуелсіз елдің айбынды да ардақты арулары – бүгінгі қазақ қыздары. Олар ұлттың ұяты, елдің көркі, ана тіліміздің алтын бесігін тербеткен нәзік жүректі, бірақ рухы мықты жандар. Ұлт рухын асқақтатып, қазақ қызының мақтанышы жырланды. Сонымен

қатар тағы бір аспап түрі скрипканы тірілтіп, әуезді әуені арқылы «Адай» күйін ойнаған студентіміз Дүйсенбай Құттыбек ерекше ілтипатқа ие болды.

Іс-шара мақсаты – қазақ халқының ежелден келе жатқан ата дәстүрін ұмытпау, оны ары қарай өрбіту. Қазақ халқының әрбір дәстүрі – үлкен мағынасы бар, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан рухани құндылық. Қорытынды сөз кезегін филология факультетінің басшылығы алып, сәттілік тілеп, жүрекжарды лебізін айтты. Кеш қонағы болып профессор-оқытушылар құрамы, жастар департаментінің өкілдері және факультет мүшелері келді.

05.03.2025 ж. күні филология факультеті кезекті іс-шара «Дәм-думан» атты мерекелік кешке жиналды. Бұл жиын – халқымыздың қонақжайлылығы мен ұлттық ас әзірлеудегі бай дәстүрлерін көрсету болып табылады.

Қазақтың дастарханы – тек тағам ғана емес, бұл – халықтың рухани байлығы, дәстүрі мен мәдениетінің айнасы. Осындай дастарханның төрінде әр тағамның өз орны бар, оның әрбірі қазақтың тарихы мен тұрмысын, мәдениетін, дәстүрін айшықтайды. Кештің басты мақсаты – қазақтың асыл мұрасы, ұлттық тағамдарын таныстыру. Қазақтың қонақжайлылығы – дастарханынан, ал дастарханы – ұлттық тағамдарынан көрініс табады. Өз кезегінде қазақ халқының молынан жайылған ұлттық тағамдарынан көпшілікке шолу жасалып, ұмыт бола бастаған қазақтың ұлттық тағам түрлері де таныстырылды. Қазақ халқының бай асханасы уақыт өте келе өзгеріске ұшырап, кейбір дәстүрлі тағамдар сирек дайындалатын болды. Дегенмен, олар ұлттың кулинарлық мұрасын көрсетеді. Төмендегі сирек дайындалатын тағамдарға тоқтала кетсек:

Қарынбөрте – қойдың майы мен қаны араласқан дәстүрлі ас. Мипалау – ми, бауыр, жүрек пен іш майдан сақалған қуырылған тағам. Жергем – қойдың қарнындағы майлы етті қайнатып әзірлейтін көне ас. Сылама – сүтке немесе айранға езілген құрттан жасалған қою тағам. Үлпершек – жүрек пен майдан дайындалатын ерекше



ас. Борша – тұздалған, кептірілген, майға қуырылған ет. Ет-майлау – кептірілген етті маймен араластырып сақтауға арналған тағам. Бұл тағамдар көшпелі өмір салтына бейімделген. Қазіргі таңда оларды қайта жаңғыртуға талпыныстар жасалып жатыр.

«Дәм-думан» іс-шарасы қазақтың ұлттық тағамдары танылып, рухани байлыққа толы кеш қатарынан болды. Қазақ халқының батасы – бұл ақ тілек, ол адамды өмір жолында бағыттап, бақ-береке сыйлайды. Сол себепті кеш батамен қорытындыланды. Қасиетті домбыраның қоңыр үні күмбірлеп, кеш ажарын дәстүрлі әнмен студентіміз Әмина Едрес келтірді.

06.03.2025 ж. күні филология факультетінде оздырылған қорытынды «Ұлттық байлық – күй мен жыр» атты іс-шарамыз факультетіміздің тұла бойы өнерден тұнған студенттеріміздің өнерін тамашалаумен өтті. Қонақ кедемен Әлижан Айдарбекұлы күмбірлетіп күй тартып, көрермендердің ыстық ықыласына ие болды. Қазақ халқының ән өнері – ұлттың рухани байлығы, жүректің сырын, көңілдің мұңын жеткізетін ерекше мұра.

Шара барысында факультетімізден білім алып бітіріп кеткен, бүгінгі күні филология факультетінің белгілі әншісі Әділ Ахмет түлегіміз де арнайы шақыртумен келіп, домбырамен әуелете ән салды. Мың бұралған бишілеріміз де назардан тыс қалмады.

Бүгінгі күн – ұлттың алтын қазынасына

айналған күй мен жырдың, бидің, дәстүрлі өнердің, ұлттық құндылықтардың мерекесі, бабалар аманаты – өнерімізді дәріптеп, ұлттық байлығымызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу біздің басты міндетіміз болып табылады. Әрбір халықтың баға жетпес байлығы – оның мәдениеті, рухани мұрасы. Қазақ халқының ұлттық қазынасының маңызды бөлігі – күй мен жыр. Олар тек өнердің бір түрі ғана емес, халықтың тарихы, болмысы мен жан-дүниесінің айнасы. Күй – қазақ даласының үні, халықтың мұңы мен қуанышын жеткізетін қасиетті өнер. Қобыз бен домбыраның қоңыр дауысы ғасырлар қойнауынан сыр шертеді. Құрманғазының ұрандай ойнаған «Сарыарқасы», Дәулеткерейдің нәзік «Көңіл ашары» немесе Тәттімбеттің мұңды «Саржайлауы» – қазақтың жанын түсінудің кілті. Ал жыр – елдік пен ерліктің жыршысы. Жыраулар мен ақындар халықтың тарихын, батырлардың ерлігін, елдің басынан өткен ауыр күндерді жырымен жеткізді. Жыр-толғаулар – қазақтың ауызша әдебиетінің асыл мұрасы, сөз өнерінің шыңы. Күй мен жыр – қазақтың рухани байлығы, ұлттық коды. Оларды ұмытпау, келер ұрпаққа аманат ету – әрбіріміздің міндетіміз. Ұлттық өнерімізді дәріптеу арқылы біз өз болмысымызды сақтаймыз, ұлттық рухымызды асқақтатамыз.

Сөз – адам жанының айнасы, рухани байлығы, жүрек тебіренісі. Ол жүректен шығып, жүрекке жеткенде ғана шынайы құндылыққа айналады. Шынайы өлең – жан тебіренген сезім, ой ұялатар терең мағына. Ақынның әрбір жолы – тарихтың үні, уақыттың аманаты. Көрермендер назарына поэзия өнерінен де шығармаларын мәнерлеп оқып студенттеріміз жақсы ықыласса ие болды.

Бұл кеш тек бір сәттік іс-шара емес, рухани сабақтастықтың белгісі, ұлттық құндылықтарымызға деген шынайы құрмет екені даусыз. Осындай ғажап кештің көрермені болған қонақтар риза

болып тарқасты. Бүгінгі өнерпаздар – біздің мақтанышымыз, оларға қошеметіміз ерекше. Қазақтың қара домбырасы күмбірлей берсін, өнеріміз өркендеп, мәдениетіміз мәңгі жасай берсін. Біз ұлттық өнердің құдіретіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Қорытынды.

Ұлттық құндылықтар – бір ұлттың тарихы, мәдениеті, тілі, дәстүрі, салт-санасы арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын негіздер. Оларды сақтап қалу және дамыту қоғамның тұрақтылығы мен келешегі үшін маңызды. Қазіргі жаңа дәуірде дәстүрге сай тәрбие, өнер арқылы ұлттық құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу – қоғам мен оқу орнының ғана емес, әр отбасының басты міндеті.

Ұлттық құндылықтар мен тәрбие – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Бір елдің болашағы ұрпақ тәрбиесіне байланысты екенін уақыттың өзі дәлелдеп берді. Ал тәрбие ұлттық құндылықтарға сүйенгенде ғана жемісті болмақ. Сондықтан қазақ қоғамы үшін ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды жас ұрпаққа жеткізу маңдайалды міндеттің бірі екенін түсінетін сәт туды. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие арқылы біз ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, нағыз ұлтын сүйер ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Альбина АХАНОВА,
филология факультетінің тәрбие ісі
жөніндегі декан орынбасары

Аруға жарасады шолпы, шашбау

Махамбет университетінде Наурызнаманың 10 күндігі аясында Мәдениет және салт-дәстүр күні тойланды. Ғылыми кітапхана ұжымы «Қыздарға шолпы тағу дәстүрі» іс-шарасын өткізді. Мақсаты - ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, жас қыздарымызға шолпы мен шашбаудың қадір қасиетін түсіндіру.



Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жаңғырту. Соның ішінде қазақ қыздары қолданған әшекей бұйымдары – шашбау мен шолпы туралы мәлімет беру. Бұл әшекей бұйымдардың маңызы мен айырмашылығын түсіндіріп, қыз бала үшін сәнділігін ұғындыру. Қыз балаларды әсемдікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Салт-дәстүрімізді құрметтеуге шақыру. Қыздардың шашын кеспей бұрымын өріп, өсіріп, шашына шашбау тағу салтымыз бар. Шашбау таққан қыз қатты жүгірмейді, қатты жүрмейді. Шолпысының дыбысы қатты шығатын болса әдепсіз қыз деп атаған. Шашты қос бұрым қылып өріп жүрген қыз балаға қандай әдемі жарасады. Қыздың көркі - шаш, шаштың көркі - шашбау мен шолпы. Шолпы мен шашбау тағудың терең мәні бар. Аталмыш әшекейлерді таққан қыздың шашы қалың әрі тез өседі, денсаулыққа да пайдасы зор. Сондай-ақ қыз бойын тік ұстап, әдемі, әсем болып өседі. Ұлттық салт-дәстүрімізді сақтап, болашақ жастарымыздың бойына сіңіріп насихаттап жүрейік.

«Салт-дәстүр – асыл қазына»

Жаратылыстану-география факультетінде наурыз айының 11-ші жұлдызында «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» жобасы аясында «Салт дәстүр – асыл қазына» атты студенттер арасында факультетаралық интеллектуалды сайысы өтті. Сайыстың мақсаты – студенттер арасында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін насихаттап, рухани құндылықтарды дәріптеу.

Сайысқа әр факультеттердің командалары белсене қатысты. Сайыс барысында студенттер ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық ойындар және ауызекі әдебиет (көнерген мақал-мәтелдерді айту) арқылы өз білімдерін көрсетіп, өзара бақ сынасты. Әр факультеттің студенттері ерекше дайындықпен келіп, қазақтың дәстүрлерін тек теориялық түрде ғана емес, практикалық түрде де көрсете білді. Сайыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, арнайы алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды. Бұл іс-шара студенттердің ұлттық мәдениетке ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім деңгейін жаңа белеске көтерді.

«Қызық times II»

Физика-математика факультетінде кезекті «Қызық times II» іс-шарасы өтті. Бұл жолы қонақ ретінде жатақхана төрайымдары мен ұйым басшылары шақырылды. Жиын барысында студенттер мен қонақтар арасында қызықты өңгімелер мен пікірталастар болды.

Қонақтарымыз жатақхана өмірінің ерекшеліктері мен студенттік ұйымдардың жұмысын жан-жақты түсіндіріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Осылайша, іс-шара студенттер үшін көптеген жаңа ақпаратқа толы болды. Студенттік өмір мен ұйымдастырушылық жұмыстарды жақыннан танып, жастар өздерінің көзқарастары мен идеяларын ортаға салды. Бұл басқосу Физика-математика факультетінің бірегей алаңына айналып, студенттерге қызықты пікір алмасу және жаңа таныстықтар орнату мүмкіндігін берді.

Қорыта айтқанда, «Қызық times II» іс-шарасы біздің факультетіміз үшін ерекше әрі маңызды оқиға болды. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды өткізіп, студенттеріміздің дамуына үлес қосуға дайынбыз!

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Жастар Life» орталығында ИЯ-15 тобыммен «Нашақорлық – қоғам дерті» атты ашық кураторлық сағат өткіздім. Іс-шараға спикер ретінде шақырылған басты қонақтарымыз Орал қаласы есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел уәкілдері, полиция лейтенанттары Н.Т.Аубакиров орыс тілінде Е.Қ.Мұқанов есірткі туралы маңызды ақпараттармен бөлісті.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Өздерінің осы қиын да маңызды жұмыстарының барысында күйеу болған жайттар мен оның қаншалықты қауіпті екендігін туралы егжей-тегжейлі түсіндірді. Әкелген бейнебаяндарын көрсетіп, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Содан соң ИЯ-15 тобының түсірген бейнебаяны көрсетілді, сонымен қатар студенттерге арнап ұйымдастырылған викторина да өткізілді. Бағдарлама бойынша топ студенттері Г.Қанатова мен А.Кенесова нашақорлық және ойынқұмарлық тақырыбына өздері дайындаған презентацияларын көрсетіп, еліміздегі статистикалық мәліметтерді келтірді. Одан соң сөз кезегі тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Ж.Е.Ешимоваға сөз беріліп, ол сөз соңында студенттермен психологиялық тест өткізді. Тәрбие сағаты барысында келген полиция қызметкерлері өздерімен бірге ала келген кәсіби бейнебаянын екі-үш мәрте көрсетіп, студенттермен интерактив әңгіме құрды. Іс-шара соңында сөз кезегі факультет деканының орынбасары А.С.Ахановаға берілді, ол іс-шараның жоғары деңгейде өткізілгенін, көпшіліктің көңілінен шыққанын, көкейде жүрген сұрақтарға жауап алынғанын атап өтті. Қазақы дәстүрге сай «орамал тон болмайды – жол болады» дегендей, қонақты кәдесіз жібермеу мақсатында студенттерім дайындаған естелік сыйлықты табыс еттім. Көгермен болып келген 3-курс студенттеріне де іс-шарамыз ұнап, алғыстарын айтты.

Айгүл НАСИМУЛЛИНА,
ИЯ-15 тобының кураторы, аға оқытушы, магистр

ӨЗІҢДІ ӘРТҮРЛІ ТӘУЕЛДІЛІКТЕРДЕН ҚАЛАЙ САҚТАУ КЕРЕК?

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ҚтА-11 топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Тәртіпті өзіңнен баста» қоғамдық акциясына орай «Өзіңді әртүрлі тәуелділіктерден қалай сақтау керек?» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның мақсаты – студенттерге нашақорлық, құмар ойын, интернет тәуелділігі сынды зиянды әдеттердің салдары туралы түсінік беру, олардан сақтану жолдарын талқылау және мамандардың кеңестерін ұсыну. Іс-шараға БҚО Экономикалық тергеп-тексеру қызметінің подполковнигі Н.Ж. Жақсығалиев, филология факультеті деканы А.А. Ақболатов, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ө.Ф. Нәби, топ кураторы Р.Ж. Сисенбаева және факультет студенттері қатысты.



Дөңгелек үстелді топ студенті Ж.Хусаинова тақырыпқа арналған мазмұнды презентациямен ашып, әрі қарай топ студенттері «Тәуелділік – тұзақ, ал біз оны жеңе аламыз!» атты көрініспен жалғастырды. Іс-шараның арнайы қонағы Нұрлыбек Жаңабайұлы БҚО Экономикалық тергеп-тексеру департаменті дайындаған арнайы бейнероликті ұсынды және қаржылық сауатсыздықтың құмар ойындарға, тәуелділікке алып келетін негізгі факторлардың бірі екенін атап өтті. Студенттердің заманауи биінен кейін жүргізуші М.Түркебаева «Темекі қорабындағы ескертулерді көрсе де, адамдар неге оны сатып алады? Құмар ойындардан байып кетуге бола ма,

әлде бұл қауіпті жол ма?» тәрізді сұрақтар төңірегінде қатысушылар арасында пікір өрбітті. Жиынға қатысушы факультет студенттері, әсіресе студенттік деканымыз Р.Русланқызы өте белсенді қатысып, өз пікірлерін ортаға салып, тақырыптың маңыздылығын арттыра түсті.

Дөңгелек үстел Ы.Алтынсариннің «Көңіліңді, бойыңды мөлдір бұлақтай таза ұста» деген нақыл сөзімен қорытындыланып, студенттер «Жақсы адамдарым» әнін орындады. Өмірді бағалай білуге және рухани – адамгершіліктің мағыналарын түсінуге үйреткен іс-шара болды.

Баянсұлу ҚАЛЕН,
КЯЛангл 15 - студенті

Волейбол (қыздар), 03.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - физика-математика факультетінің командасы
2 орын - мәдениет және өнер факультетінің командасы
3 орын - филология факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: Г.Әміржанова, А.Бакешова, Д.Дәулетқалиева, А.Насипқалиева.

Волейбол (ұлдар), 06.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы
2 орын - физика-математика факультетінің командасы
3 орын - мәдениет және өнер факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: Н.Қайыржанов, Ж.Жасқайратов, Қ.Өтепов, Е.Құмарғали.

Стритбол (қыздар), 10.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы
2 орын - филология факультетінің командасы
3 орын - педагогика факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: К.Гумарова.

Баскетбол (ұлдар), 13.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - педагогика факультетінің командасы
2 орын - филология факультетінің командасы
3 орын - физика-математика факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: Е.Мұхамбетдьяр, А.Қадешов.

Шағын футбол (қыздар), 17.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - педагогика факультетінің командасы
2 орын - тарих, экономика және құқық факультетінің командасы
3 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: М.Мүфтахиева, Н.Ахметжанова, Ш.Берекетова.

Шағын футбол (ұлдар), 20.02.2025 ж. 60 адам қатысты

1 орын - педагогика факультетінің командасы
2 орын - филология факультетінің командасы
3 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: К.Жұмабек, Н.Фархат, А.Борис, Б.Кунаров.

Шағы эстафетасы, 24.02.2025 ж. 32 адам қатысты

1 орын - физика-математика факультетінің командасы

«Денсаулық» спартакиадасы

Махамбет университетінде студенттер арасындағы дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы өз мәресіне жетті. Бір ай бойы студенттер өздерінің спорттық дағдыларын сынап, факультеттерінің намысын қорғады. Тартысты сайыстың нәтижесінде жалпы командалық есепте үшінші орын педагогика факультеті, күміс жүлдені филология факультеті иеленді. Ал Физика-математика факультеті спартакиаданың жеңімпазы атанды. Барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз! Нәтижесінде:



2 орын - филология факультетінің командасы
3 орын - педагогика факультетінің командасы
Үздік ойыншылар: А.Қадырболат, Б.Алдияров, Ж.Жендетқалиева.

Дойбы, 06.02.2025 ж. 18 адам қатысты

1 орын - филология факультетінің командасы
2 орын - физика-математика факультетінің командасы
3 орын - педагогика факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: А.Хайдаров, Д.Бейсов.

Шахмат, 13.02.2025 ж. 18 адам қатысты

1 орын - тарих, экономика және құқық факультетінің командасы
2 орын - физика-математика факультетінің командасы
3 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы

командасы
Үздік ойыншылар: С.Қишыбай, Д.Құрманғали, Ш.Нұрсейіт.

Үстел теннисі, 27.02.2025. 18 адам қатысты

1 орын - физика-математика факультетінің командасы
2 орын - филология факультетінің командасы
3 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы

Үздік ойыншылар: Ж.Сапарбаева, А.Уразғалиева, Ж.Абай.

Арқан тарту, 27.02.2025.

1 орын - педагогика факультетінің командасы
2 орын - жаратылыстану-география факультетінің командасы
3 орын - физика-математика факультетінің командасы.

Туристер үшін баратын елінің ауа райы туралы мәліметтер маңызды. Экваторлық климат белдеуінде орналасқандықтан мұнда жыл мезгілдері айқын бөлінбейді. Бірқалыпты ауа райын жылына екі рет болатын муссон жаңбыры бұзады. Бірінші муссон желтоқсан мен ақпан, екіншісі маусымнан қыркүйекке дейін. Сингапурлықтар табиғаттың бұл құбылысы да туристер ағынын тоқтата алмайтындығын айтады. Сингапур халқының өмір сүру сапасы Азияда ең жоғары, БҰҰ-ның адам әлеуметінің даму индексі бойынша 11 орында. Дүние жүзіндегі ең бай үшінші ел. Жергілікті халықтың сатып алу қабілеті жоғары болғандықтан, туристер үшін қымбатшылық анық байқалады. Сингапурда қымбат тамақтану орынын табу оңай шаруа болмады. Ақыры сонша уақыт іздеп тапқан үнділердің халяль кафесінен қымбат тамағымызды өте асылығынан іше алмай кеткеніміз қызық болды.

Сингапурда болған жерлерімізге қысқаша тоқталсам: бірінші кеште Марина Бейдегі әртүрлі жарықтармен 3Д эффектпен көрсетілетін субұрқақ шоуын тамашаладық. Сингапур елінің тазалығы Жапон елінен де артық болмаса, кем емес. Айтпағым осы субұрқақ шоуында да, кейіннен көрген басқа түнгі шоуларда аппақ киімдерімен адамдардың жалаңаш асфальт үстінде жатып көргені (ішінде бізде бармыз).



Мерлион Сингапурдың символы. Ол басы арыстан, денесі балық мифологиялық тіршілік иесі. Мерлионның арыстан басы ештеңеден қорықпайтындығы көрсетсе, балық денесі Сингапурдың теңізбен тығыз байланысын бейнелейді. Елдің Сингапур аты да синга («арыстан») және пура («қала») деген санскрит сөздерінен шыққан. Бірінші суретте қыздарыммен Мерлионның жанындамыз.

Екінші суретте Синтоза аралындағы Сингапурдың тәуелсіздік алғанына 59 жыл болғаны бейнеленген. Үшінші суретте Марина Бей Сингапурдағы биіктігі 200 метр 57 қабаттан тұратын өзара жалғасқан үш мұнарасы бар курорттық кешеннің жанындамын. Сингапур саяхатының әр қадамы тамашаларға толы болды...

Сингапурдағы араб көшесін араладық. Көше аты XIX ғасырдан бұл жерге арабтардың қоныстануына байланысты аталған. Көше әдемі, сауда-саттық орындары

СИНГАПУР – экватордан бір градус солтүстікте орналасқан бір үлкен және 58 шағын аралдардан тұратын экономикалық дамуы жағынан «шығыс азияның жолбарысы» атанған тәуелсіз көпұлтты қала – мемлекет. Бұл қытай, үнді, араб мәдениеттері тоғысқан әлемдегі ерекше жер. Елде бірнеше ресми тіл бар. ағылшын, малай, қытай, тамиль. Малай тілі ұлттық тіл дәрежесінде. Халқы 5,637 млн. Жер көлемі 734,3 шаршы шақырым. Қай елмен де таныстық әуежайынан басталатыны белгілі. Сингапурдың халықаралық әуежайы Чанги заманауи төрт терминалдан тұрады. 2020 жылы Чанги ең таңдаулы жолаушы тасымалы көп (60-70млн.) әуежай сыйлығын алып, әлемдегі жетекші он әуежайдың басында тұрған. 2024 жылы жолаушыларға қойылған сауалнама негізінде әлем әуежайларының ішіндегі ең жоғары дәреже Катар астанасының Хамад әуежайына берілген. Сөз орайы келгенде айта кетейін, айып етпеңіздер, мен сол Хамад әуежайында болғанымды да қуана еске аламын. Бұл мәлімет Чангидің беделіне нұқсан келтірмейді. Біз осы әуежайды тамашалауға алтын уақытымыздың жарты күнін жойғанымызға өкінбейміз.

СИНГАПУР

көп. Сингапур қымбат ел болғанмен бұл жерде шопинг жасаймын дегенге бағалар қолжетімді. Әдемі мешіт бар, біз онда зиярат еттік.

Әмбебап (Univers studio) студия – бұл Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең үлкен және жалғыз киностудиялық кешен. Сентоза аралына кіретін курорттық аймақта орналасқан. Бұл жерде түрлі ойын-сауық орындары: казино, аквапарк,



Біз Мешіт алаңындамыз

музей, дельфиндер шоуы т.б. бар. Сонымен қатар 7 тақырыптық орындар бөлінген: «Голливуд», «Нью-Йорк», «Ғылыми таңғажайып қала», «Ежелгі Египет», «Адасқан әлем», «Алыс жол», «Мадагаскар». Әрқайсысында әртүрлі бірнеше аттракциондар мен шоу бағдарламалар бар.

Сингапурда өткізген соңғы кеште Аватар бағындағы «Садовая Рапсодия» аталатын түрлі түсті музыкалық шоуға барып өзімізді ертегі елінде жүргендей сезіндік. Баршаңызға танымал «Аватар» фильмі 2001 жылы осы жерде Сингапурда түсірілген алғашқы ағылшын тіліндегі фильм.



Киностудия кіреберісінде

P.S Шағын мақалада Сингапурдың экономикасын қарастыру мүмкін болмады. Оңтүстік-Шығыс Азияның жоғарыда айтқан үш еліне саяхаттан ең қысқаша мәліметтер осындай болды. Мен өзімнің саяхаттарым арқылы зейнеткер болсам да мамандығыма адалдығымды жалғастырудамын деп ойлаймын. Маған көзбен көргенім мен сезініп түйсінгенімді кейінгілерге, замандастарыма жеткізу борышым болып көрінеді. Жүре берсең көре бересің, көре берсең, біле бересің. Саяхаттың адамға берері көп.

«Өкпе-наздан босаған көңілімді,

Күн нұрына толтырып ораламын» деп, ақындар дәл айтқан. Артыңда әдемі із қалдыр, өйткені сен жолаушысың. Саяхаттаңыздар! Баршаңызға сәтті сапар!

Сұлушах ҚҰЛМАЛИЕВА,
зейнеткер ұстаз. Астана қаласы.
Қазақстандық Ұлттық Географиялық қоғамы мүшесі

«Менің сұлу әлемім»

8-наурыз – Халықаралық арулар мерекесіне орай университетімізде «Жастар life» орталығында БПД-11 тобының ұйымдастыруымен «Менің сұлу әлемім» атты мерекелік іс-шара оздырылды. Жиынға факультет басшылығы, «Кітапханалық-педагогикалық қызмет» БББ жетекшісі, оқытушылармен бірге университеттің ең әдемі, ақылды және талантты арулары қатысты.

Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға, аруларға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

8-наурыз – көктемнің шуақты мерекесі, әлемнің түкпір-түкпірінде әйелдерге құрмет көрсетілетін күн. Бұл мейрамның тарихы XX ғасырдың басында әйелдердің өз құқықтары үшін күресуімен байланысты. 1910 жылы Клара Цеткиннің бастамасымен бұл күн әйелдердің теңдігі мен еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында белгіленді.

Қазіргі таңда 8-наурыз – әйелдер қауымына алғыс айту, олардың еңбегін бағалау және мейірімділік пен сүйіспеншілік таныту күніне айналды. Қазақстанда бұл мейрам ерекше жылы тойланады. Ер адамдар аналарын, әпке-қарындасын, жұбайларын және әріптестерін құттықтап, гүл шоқтары мен сыйлықтар ұсынады.

Мерекелік іс-шара барысында қатысушылар әртүрлі байқауларға қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Әсем әндер шырқап, мың бұралған би биледі. Кеш барысында аруларымызға арнайы құттықтаулар мен жылы лебіздер айтылып, сыйлықтар таратылды. Бұл мерекелік кеш барша қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлап, көктемнің шуағын сезінуге мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар осындай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтты.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары



Әдебиетті таңдадым

Қазақ әдебиеті – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақтың сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Әдебиет деген алып бәйтеректің сандаған бұлақтардан құралатыны даусыз. Сондықтан қазақ әдебиеті деп аталатын ұлы ұғымды Қазақстан көлемімен ғана шектеуге болмайды. Қазақ әдебиеті әлемдегі қазақ қоныстанған барлық елде өз өркенін жайып, тамыр тартты. Орта буынды оқығаннан соң әдебиетке қатты құмартым. Сол құштарлығым сәт сайын артып, ақыры жоғары сыныпқа келгенде таңдау пәнімнің тұздығына айналып шыға келді. Қазақстанның көрнекті ақын-жазушыларының туындыларын талдауға тырыстым. Атап айтар болсам, А.Құнанбайұлы, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ф.Мүсірепов, С.Мұқанов, І.Есенберлин және тағы да басқа көптеген қаламгерлердің белгілі туындыларын жаныма, ойыма азық еттім. Әсіресе, М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан бастап, атақты қалам қайраткерлерінің туындылары тұнып тұрған тарих. Осы орайда менің әдебиетті сүюіме себеп болған пән мұғалімі Бауыржан Жасұланұлын айта кеткен жөн деп ойлаймын. Оқушы алдында ұстаздың үлгі, тұлға болғаны жақсы. Бай тілі мен баса айтатын, жан-жақтылығымен жаныңа ене алатын маман. Қорытынды емтихандарды тапсырып, қадам басқан қара шаңырағымнан ұшып, жаңа өмірге жолдама алып, мектепті бітіретін сәт жетті. Зейнолла Қабдолов атамыз айтқандай: «Әдебиет қашан да ардың ісі». Қай қоғамда да әдебиет замана тынысын, қоғам қозғалысын, сол дәуірде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігін, арман-аңсарын, тебіреністербелістерін, жан дүниесін жарқырата ашуымен құнды. Осы құндылықты қарыштатудағы қадамымның сәтті болуын тілеймін.

Айару МЕРГЕНЕВА,
ҚТӘ-13 топ студенті

Мектеп бітіруге асықпаңыздар

Естен кетпес балалық шақ, таңғажайып мектеп әлемімен қоштасу көңіліңді қынжылтады екен. Дегенмен де еркелік пен тентектікті артқа тастап, үлкен өмір белесіне аяқ басар сәт те таяп қалды.

Кеше ғана қала іргесіндегі Серебряков мектебінің табалдырығын аттап, шыр айналып жүгіріп жүрген бүлдіршін едім. Ал енді бір-екі айдан кейін мектеп бітіретінім есіме түссе, көңілім құлазиды. Мектеп қабырғасындағы естен кетпес естеліктерім мәңгі жадымда қалмақ. Бастауыш сыныпта сабақ берген алғашқы ұстазым Ырысты Тасболатқызы. Бізді жылы шыраймен қарсы алып, ешқайсысымызды бөлмей, бәрімізді теңдей жақсы көрді. Өзі сырт көзге қатал болып көрінгенімен, шын мәнінде, жүрегі жұмсақ кісі. Білімге талпынған әр балаға оқуды, жазуды, сызуды үйретті. Балалықпен араймызды тыңдамайтын кездеріміз де болды. Алайда ол ұрыспай, байыппен түсіндіруге тырысатын, Шыны керек, бала оқыту оңай емес екенін ес кіргесін білдім ғой. Ол төзімділік пен қажырлы еңбекті қажет етеді екен.

Бастауыш сыныпты бітіргеннен кейін біз балалық шақтан бір қадам алыстадық. Орта буында жаңа пәндер, жаңа ұстаздармен таныстық, 9-сыныпқа дейін ең шулы сынып болдық. Сабақ уақытында қашып кеттік, байқаусызда мектеп мүлкіне зақым келтірдік, сабаққа кешігіп келдік. Осы тентектігімізге сабырмен қарап, қорғаштаған жалғыз адам болды. Ол 5-сыныптан бері әлі күнге бізге қамқор болып жүрген сынып жетекшіміз Қарлығаш Кинаятқызы. Біздің сынып тентектеу болғанымен, түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орын алатынбыз. Сыныпта көңіл көтеріп, өлең айтамыз, түрлі ойындар ойнаймыз. Соның ішінде ең кереметі жаңа жыл мерекесі еді. Бәріміз әп-әдемі болып киініп, сауық кешінде

аяғымыз талғанша билеп, бір-бірімізбен жарысатынбыз. Баяу әнде сыныптас ұлдар қыздарды вальс билеуге шақырады. Ай сайын жиналып, шағын отырыс өткіземіз. Бір-бірімізге сырымызды айтамыз. Тек көңіл көтеріп қоймай, бір-бірімізге қолдау көрсетуші едік.

9-сынып бітіргеннен кейін сыныптастарымыздың көбі колледжге кетті. Бұрынғы шулы сынып осылайша азайды. Көзді ашып-жұмғанша 11-сыныпқа да келіп қалдық. Қазір емтиханға дайындықты бастадық. Ендігі басты мақсат грант иегері атанып, таңдаған маман дығымыздың иесі болу. Шыны керек, бұрын мектеп бітіруге қатты асығатынмын. Өйткені ересек өмірге қадам басып, өмірімді түбегейлі өзгертіп келетін. Білмеймін, балалық па?! Өйтеуір, арманым сол еді. Ал қазір мектеп бітіруіме санаулы ай қалғанда керісінше мектептен кеткім келмейді.

Үлкендердің «Асықпа, есеюге әлі үлгересің» дегенін енді түсінгендеймін. Мектеп қабырғасында өткізген әр күнім мен үшін өте қымбат. Отбасымның бір бөлігіне айналған адамдар мен мектептегі күндерім мәңгі жадымда қалады. Бізге білім берген ұстаздарға, бізді қолдап, қорғаған сүйікті сынып жетекшіміз Қарлығаш Кинаятқызына мың алғыс! Қарлығаш апай біздің еркелігімізді көтеріп, мақтаудан жалықпайды. Ол кісі ұрысса да, бізді жақсы болсын деп ұрысқанын түсінеміз. Мектептегі ұстаздарыма, сыныптастарыма бірге өткізген керемет күндерім үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Кейінгі іні-сіңлілеріме «Мектеп бітіруге асықпаңыздар! Бұл-сіздердің ең ғажап кездеріңіз» дер едім.

Айару МЕРГЕНЕВА,
ҚТӘ-13 топ студенті

Студенттермен өткен шығармашылық кездесу

Педагогика, мәдениет және өнер оқу залында «Жетістіктер тарихы» жобасы аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Өнертану ғылымдарының магистрі, Республикалық облыстық, қалалық көрме байқаулардың лауреаты, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломанты Асқат Абдешевпен кездесу кеші өтті.



Кеш барысында Асқат Бекқалиұлы өзінің шығармашылық жолы, өнер саласындағы тәжірибесі мен жетістіктері туралы әсерлі әңгіме өрбітті. Қатысушылар бейнелеу өнерінің, соның ішінде линогравюраның қыр-сыры, шығармашылық ізденіс пен шеберлікті шыңдау жолдары жөнінде құнды мағлұматтар алды. Кездесу барысында суретші өзінің өнердегі алғашқы қадамдарынан бастап, бүгінгі жетістіктеріне дейінгі жолын баяндап, көркемдік бағыттағы жұмыстарында ұстанатын негізгі қағидаларымен бөлісті. Сонымен қатар ол көркем шығармалардың маңыздылығы, ұлттық мәдениетті дәріптеудегі рөлі мен Қазақстандағы қазіргі өнер саласы туралы ой қозғады.

Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінен

табылған «Жаскелең-Қоңырша» атты лирикалық-қаһармандық жырдың негізінде салған графикалық иллюстрацияларын да көрсетіп, олардың әрбір туындысының қалай орындалғаны туралы терең мағлұмат берді.

Жиынға қатысқан студенттер мен оқытушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өнер саласына қатысты маңызды ақпараттарға қанықты. Кездесу жылы әрі еркін әңгіме түрінде өтіп, қатысушылар үшін шабыт пен мотивация көзіне айналды.

Кеш соңында қатысушылар Асқат Абдешевке алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсіп, болашақта осындай шығармашылық кездесулердің жиі ұйымдастырылатынына сенім білдірді.

Салауатты өмір салты: «Жастардың денсаулығы — ұлт болашағы»



Қазіргі таңда салауатты өмір салты жастар арасында өте маңызды тақырыпқа айналып отыр. Дене белсенділігі, дұрыс тамақтану, психологиялық тұрақтылық – осы факторлар адамның толыққанды өмір сүруіне кепіл бола алады. Зерттеулер көрсеткендей, дұрыс тамақтану мен спорт жастардың денсаулығына тікелей әсер етеді. Университет студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері олардың тек 30% ғана салауатты өмір салтын ұстанатынын көрсетті. Медицина мамандары жастарға бірнеше негізгі кеңес ұсынады:

- Күніне 8 сағат толық ұйықтау;
- Таңғы гимнастика жасау;
- Дұрыс тамақтану;
- Стресс деңгейін төмендету.

Спорт клубтары мен фитнес орталықтары жастарға денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беріп отыр. Соңғы жылдары workout алаңдары да кеңінен даму үстінде. Қорытынды түйін: Салауатты өмір салты – бұл таңдау ғана емес, өмір философиясы.

Шахноза НАЖМИДИНҚЫЗЫ,
Фил-42 студенті

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издается с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№3 (78), наурыз 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Оқыдық, пікір айтамыз!

ТАЛҒАМ ТАРАЗЫСЫ

Академик Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Бекен Сағындықұлы «Қара сөз және дарынды сөз жүйесі» атты ғылыми-танымдық баян-пайымында қазақтың тұлғатану ілімінің қилы аспектісіне терең бойлаудың озық үлгісін көрсете алған. Қаламгер ғалым тұлғатану ілімінің қағидаттары үдесінде көпшілікке мәлім-беймәлім тұлғалардың өмірі жолына барлау жасап, кейіпкерлерінің шығармашылығы мен қоғамдық қызметінен туындайтын қоғамдық танымдық-тәлімдік, тағылымдық әсер-ықпалын жіті таразылайды. Нәтижеде қазақ мәдениеті мен ғылымындағы бірегей тұлғалардың мұрасын зерделеуге, олардың өмірі ұстанымдарын, идеяларын бүгінгі жаңа ұрпақ өкілдерінің назарына іліктіреді. Алғашқы «Барлау» бөлімінде қазақ өркениетін дамытуға елеулі үлес қосып, елтанушылық, ағартушылық салада түрен түрген, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің тұғырлы тағындағы тұлғалардың өзіндік көзқарастары таразыланса, «Бойлау» бөлімінде тіл білімі қайраткерлерінің толымды тұжырымдары сарапталады. Ал «Байлау» бөлімі қазіргі қазақ қоғамындағы сан алуан қилы ғылым саласы өкілдерінің, елге елеулі азаматтарының төккен терін бағалауға, саралауға бағытталған. Аталмыш еңбекте автор тарапынан тереңдете түйінделген тұжырымдар кім-кімді де ойлантпай қоймайды. Ұсынылған туындыдағы әрбір көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің, өміртанудың қалтарысты иірімдерінің тұңғық тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтқандары көпшілікке ағыл-тегіл ой салады. Танымал ғалымның тыңғылықты толғамдары осы қырымен құнды. Еңбек мәдениеттану, кітапхана ісі, сондай-ақ өзге де ғылым, ілім, ағарту, тәрбие саласының кәсіби мамандарының ойына ой қосар баға жетпес ғылыми әрі көсемсөздік саптағы көмекші құрал бола алары даусыз.

Біздіңше, еңбектегі автор қара сөзі ғалам, Құдай, ғылым, әлеумет тұрғысынан таразыланып, үгіт-тәрбие, сын тарапынан өріле баяндалып, шешен-ғалымның дарынды сөзі қалыбында айқындала айшықталған. Автордың дарынды сөзі ақындық арқалы акордпен игеріле келе, кейіпкер-тұлға келбетін әуезді толғап, көріктей сомдағанына сеніміміз мол. Ақырында автор өткенді-бүгінді заманда қазақ өркениетін дамытуға тағылымды ой қоса қарекет қылған ұлт әдебиеті мен мәдениетінде тұғырлы орны бар толағай тұлғаларға орайлас тосын тұжырымдар жасаған. Мәселен, біз үшін Абайдың рухани мұрасы тұлғаны түзетудің, түлетудің катализаторы болса, автор Абай Құнанбайұлын қазақтың темірқазығы тұрғысында шегелей айтып, Абайдың қазаққа ғана емес, күллі адамзат әлеміне нұрлы ақыл мен жылы жүрек боларын шерте келе, қазаққа біткен ыстық қайрат болмысына бойлатады. Бүгінгі катаклизм мен апокалипсистен тұратын алай-түлей әлемде адам баласының осы үштік (ақыл, жүрек, қайрат) тұғырға арқа сүйей ұшпаққа жетерін ойлатады. Еңбек авторы: «Асан Қайғы бабам Шыңғыстау аймағындағы Орда тауының басына шығып тұрып: «Ойпыр-ой, мына Шыңғыстың жерінің құтыруын-ай! Шөбінің құдіреті ғой бәрі. Мұның шөбін жеген мал, малын жеген адамында тыныштық болмас. Әлем жүзіне өзін танытпай қоймас» деген екен. Сол әлем жүзіне танылған тұлғаның бірі Мұхтар Әуезов екеніне күмән жоқ және көзіміз де жетті», - деп сәтті ой түйеді. Енді бір мезетте: «Сол уақыт шеңберінде «талтаңбайлық» пен «мырқымбайлықты» шымбайға батырған Бейімбет болса, арқан тастам биіктікте шырылдаған «Бозторғай» Сәбит Дөнентаев еді. Бұл



екі арыс қазақ сықағының керегесін керіп, адалбақанын аспандатқаны да сөзсіз», - деп орынды күйеді.

Автор тіл білімінде ірілі-іргелі тиянағы бекем



ғалымдардың тұжырымдарын өзінше сараптап, арысы жүз жылдық, берісі бүгіндік белсенді ғалымдардың бәсін түстей алғаны да рас. Дәлеліміз автордың алтын қаламының ұшынан өріле құлаш жайған мына мезеттер: «Қазақ білімінің адалбақаны Ахмет Байтұрсынов еді. Қазақ ғылымының адалбақаны Құдайберген Жұбанов болды. Білім мен ғылымның негізін салған алаштық қос азамат қазақ тілінің теориясын қалыптастырған іні-бауырларын бауырына тарта алды. Қазақ тіл білімі ғылымының уыған қадау Сәрсен Аманжолов, Ахмади Ысқақов, Ісмет Кеңесбаев, Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балақасов сынды аға ғалымдардың пешенесіне жазылыпты. Әрине, әр есімі мен мұңдалайтын тұлғалар жүрген сахнаға жақын жүру әркімге арман болды. Ал сол сахнаның белді ойыншысы болу бөрінің бағына баланбаған еді... Не болмаса: «Барша қазақ баласы басына небір зұлмат күндер туса да, тілін жоғалтпаған. Қайта, бесіктегі бөпесінің құлағына құйған, қаз-қаз тұрғызып, тәй-тәй жүргізген. Сөйтіп ғылым тіліне жеткізген. Қазақ тілі Ахмет Байтұрсыновпен бекип,

Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжоловпен қанаты қатайған. Нығмет Сауранбаев, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақасов, Ахмади Ысқақов ізденістері бүгінгі белестердің алғашқы көкжиегі болатын. Кешегі Сейіп Исаяев, Қайырболат Есенов, Төлеубай Қордабаев, бүгінгі аға буын ғалымдарымыздың бүкіл түркологтар үшін ашылып-ашылмаған академик екендігі даусыз... Қол соға құптауға әбден лайық дарын сөз үзігі дерлік!..

Туынды туындыгеріне тоқтала туралай айтсақ, қоғам тек зиялы қауым өкілдерімен ғана бағаланбасы ақиқат. Автордың орталықтан тыс аумақтарда (периферия) мемлекеттік міндеттемелерді тер төге атқарып жүрген тұлғалардың кешенді іс-әрекеттерінің өзі тұлғалық бейнені қалыптастыруға белгілі деңгейлік тұрғыдағы шарт боларын ұғыну бағытындағы олқылықты да толтыруға қарымды қадам жасай алғанын қалай айтпассың. Мәселен, бұл ретте автордың: «Нақты бодандықтың қамыты килгенін сүт бетіне шыққан қаймақтары ғана ұқты. Тарихта «алашордалықтар» деп аталған аға буын өкілдері қазақ ұғымына «ұлт», «ұлтшыл», «ұлттық» сынды қасиетті сөздерді де сіңіріп кетті. Қазақ ұлтының тағдыры жан-жақты шындалған, әлемдік деңгейдегі абыройға ие Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ ұлдарының қолына тиді. Үш жылға жетер-жетпес қана ғұмыры болған Алаш мемлекеті алдыңғы көп ғасырлық, онан кейінгі үш жүз жылдық, онан соңғы 150 жылдық уақытта атқарылмаған, анығында басталмаған істі шешіп берді» деуі имандай шындық емес пе, ағайын!..

Баян-пайымында кейіпкерінің біріне автор былайша дарын сөзін арнағанын оқыдық: «Борис Полевойдің «Нағыз адам туралы аңызындағы» Алексей Мересьевтің жығылып сүрінгені бүк пен шиктей әсер етті. Сіз елуге келгенде асықтың тәйкесі едіңіз де, алпыста асығыңыз алшысынан жаңылмаушы еді ғой. Тіпті, қазірдің өзінде қазақтың Мересьеві өзіңіз екенсіз-ау: жас келіп, шаштың қысқарғаны болмаса, ашылған маңдай мен ақ селеу түскен құнанбай бастың сол Мересьевтің өзін шаң қаптырып кететінін көріп отырмын... Паһ! Жаса, Бекен бауырым! Айтсаң, осылай айт!.. Бұл дегеніңіз – «саңырау еститіндей, соқыр көретіндей» сөз саптау емес пе! Текті сөз тегін өріле ме?! Осылайша сипатталған дарынды сөзге сарыарқа мінезді қазақы қара сөздің иесі Зейнолла сынды ағамыз елжіремей қайтеді!.. «Уақыт тас екеш тасты да тоздырар» деген. Шын көңілден шыққан асыл сөз қара тасты да жібітері, қаптаған қалың қара тұмандай қайғыны да тарқатары мәлім емес пе!.. Өкініштісі, қазағымыздың қаншама нар тұлғалы ұлдарының жанқиярлық еңбегі елеп-ескерілмей жатыр десеңші!..

Қысқасынан айтқанда, еңбек авторы профессор Бекен Сағындықұлының пейілі пәк, сөзі ақ. Қолыңызға алған баян-пайымның құндылығы күмәнсіз!.. **Тілеріміз:** Бекен сынды ақ пейілді адал азаматымыз, көсемсөзші-ғалым бауырымыз қиялы жетпесті көргей, арманы жетпесті білгей! Аманшылықта, саушылықта жүргей! Тұлғатану, елтану ісінде ойы у болмағай, сөзі су болмағай, үміті бу болмағай! Әумин!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
Қоғамдық даму департаментінің директоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан Ұлттық құндылықтар
академиясының академигі

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жаңа «ЭкоЖайық» экологиялық клубы құрылды. Бұл маңызды оқиға экологиялық клубтардың желісін құруға бағытталған республикалық бастаманың бір бөлігі болып табылады, оның мақсаты – студенттік жобаларды қолдау арқылы оқу орындарында және олардың сыртында да экологиялық мәдениетті дамытуға ықпал ету. «ЭкоЖайық» клубының жұмысы сондай-ақ еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» ұлттық акциясы аясында жүзеге асырылуда. «Экологиялық клубтар студенттер арасында экологиялық сананы қалыптастыруда, табиғатты қорғауға жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеуде, қоршаған ортаны қорғауға ынталандыруда және экологиялық сауаттылық деңгейін арттыруда маңызды рөл атқарады», - деп хабарлайды клуб бастамашылары. Клубтың негізгі мақсаты – студенттер арасында табиғатқа деген қамқорлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыру.

«ЭКОЖАЙЫҚ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Алғашқы қадам ретінде клуб «Таза Қазақстан» республикалық акциясын жүзеге асыру аясында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау бойынша әлеуметтік жобаны бастады. Жоба қалдықтарды жинау ғана емес, оларды қайта өңдеуге жіберу үшін сұрыптауды қамтиды, бұл табиғи ресурстарды үнемдеуге және өңірдегі экологиялық тазалықты сақтауға ықпал етеді. Клубтың алғашқы отырысында студенттер арасында қалдықтарды дұрыс сұрыптаудың маңыздылығын түсіндіретін ақпараттық жұмыстар жүргізілді. «Әрбір студент қалдықтарды сұрыптау және экологиялық тұрғыдан



дұрыс өмір сүру қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстанның ғана емес, әлемнің болашағына маңызды үлес қоса алады. Таза және жасыл Қазақстанды құру үшін әрқайсымыздың бірлескен күш-жігеріміз қажет», - дейді «ЭкоЖайық» клубының жетекшісі Рахым Сабихан.

«ЭкоЖайық» клубы студенттер арасында экологиялық белсенділікті арттыруда, қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тұрақты түрде дамыту және еліміздің табиғи байлықтарын сақтауға ықпал ету жоспарларымен жұмысын жалғастырады.

ЕКІ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДЕ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде білім беру жүйелі әрі академиялық дәстүрлерге сай жүргізіледі. Теориялық дайындыққа ерекше назар аударылады, бұл студенттерге білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобаларға көп көңіл бөлініп, студенттердің ғылыми ізденісіне қолдау көрсетіледі. Профессор-оқытушылық құрам студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік жасап, әр бастама факультет деканаты тарапынан қолдауға ие болып отырады. Бұл арқылы теориялық білімді ғылыми-практикалық тұрғыда қолданып, университет қабырғасынан тыс жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде оқыту әдістері заманауи әрі интерактивті бағытқа негізделген. Студенттердің теориялық дайындығын практика жүзінде пайдалануға баса назар аударылады. Әдістемелік сабақтар дәстүрлі форматта емес, студенттердің

Біз ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне 2024-2025 оқу жылының II академиялық кезеңінде «Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту» БББ бойынша білім алуға келдік. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына өз қалауымыз бойынша осы университетті таңдаған болатынымыз. Оның басты бір себебі – университеттегі педагогикалық білім берудің ерекшелігі. Осы уақыт ішінде екі университеттің де өзіндік ерекшеліктерін байқап, жаңа тәжірибелер жинақтадық.

педагог ретінде дайындығын жақсартуға бағытталып жүргізіледі. Мысалы, «Оқыту технологиялары мен әдістері» пәнінде теория мен практиканы қатар алып жүру тәсілі білімді қолдану дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім бағдарламасының біз үшін жаңалық болған бір тұсы «Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытудың әдістемесі» және «Бастауыш сыныпта музыкалық тәрбие берудің теориясы мен технологиясы» пәндерінің болуы. Өйткені бұл пәндерді даярлайтын арнайы білім

бағдарламалары бар бола тұра бастауыш сынып үшін білім беру мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Сонымен қатар бұл университетте оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынас өте еркін. Сабақ барысында пікір алмасу, еркін ой бөлісу, ұсыныстар айту қалыпты жағдай. Осындай ашық әрі достық қарым-қатынас оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Жалпы екі университет те сапалы білім беруге бағытталған және олардың әрқайсысынан

біз құнды тәжірибе жинақтадық. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бізге түрлі оқыту әдістерін салыстырып, өзіміз үшін ең тиімді тәсілдерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе болашақ кәсіби дамуымызға үлкен әсер етеді деп сенеміз.

Қымбат НАСЫРОВА,
Жаңылсын САНСЫЗБАЕВА, Айсу СЕЙТАЛИ,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
3 курс студенттері



Таяуда Тарих, экономика және құқық факультетінің «Құқықтану» мамандығының 3-курс студенттері оқытушыларымыз Казиев Тайман Исмагулұлы пен Усенко Мария Сергейқызының жетекшілігімен №74 түзету мекемесіне бардық.

ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕСІН АРАЛАДЫ

Бұл – сотқа дейінгі тергеу изоляторы, мұнда сот үкімі шықпаған күдіктілер мен айыпталушылар уақытша қамауда ұсталады. Үкім шығарылғаннан кейін олар жазасын өтеу үшін арнайы мекемелерге жіберіледі. Экскурсия барысында мекеме қызметкерлері бізге бұл жердің құрылымы мен жұмыс тәртібі жайлы жан-жақты ақпарат берді. Тергеу изоляторында күдіктілердің қандай жағдайда ұсталып, олардың құқықтары мен міндеттері қалай сақталатынын өз көзімізбен көрдік. Сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметкерлердің жұмыс ерекшеліктері жайлы тың мәліметтер алдық. Бұл сапар біз үшін ерекше тәжірибе болды. Теориялық білімімізді тәжірибемен ұштастырып, қылмыстық-атқару жүйесінің жұмысын тереңірек түсінуге мүмкіндік алдық.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М. Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс №188

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Аяру БЕЙБИТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99